



ҚАЗАҚ ССР
«БІЛІМ» ҚОҒАМЫ

С. Т. ТОТАНОВ

**ЕҢБЕКШІЛЕРДІҢ
ӘЛ-АУҚАТЫН АРТТЫРУ—
МАҢЫЗДЫ ӘЛЕУМЕТТІК
МІНДЕТ**

Алматы — 1978

С. Т. ТОТАНОВ

ЕҢБЕКШІЛЕРДІҢ
ӘЛ-АУҚАТЫН
АРТТЫРУ — МАҢЫЗДЫ
ӘЛЕУМЕТТІК
МІНДЕТ

Тотанов С. Т.

Еңбекшілердің әл-ауқатын арттыру — маңызды әлеуметтік
Т 64 міндет. Алматы, (ҚазССР «білім» қоғамы),
1978.
44 бет. (ҚазССР «Білім» қоғамы).

Автор бұл еңбегінде КПСС XXV съезінің тарихи шешімдерін басшылыққа ала отырып, оны жүзеге асыруда, оныншы бесжылдықтың жоспарын ойдағыдай орындап шығуда Орал өңірі еңбекшілерінің зор табыстары мен социалистік жарыстың қорытындылары, олардың жүлдегерлері жәйлі баяндайды. Коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасауды, халықтың мәдени-тұрмыстық, әл-ауқат дәрежесін арттыруды айта келіп, автор, совет адамдарының идеялық-саяси жағынан кемелденіп, партия бағытын дәйектілікпен жүзеге асырып отырғанын нақты мысалдармен дәлелдейді.

Кітапша көпшілік оқушы қауымға арналған.

ЗКП1Каз+КП4.03

Т $\frac{10204-24}{405(07)78}$ — Доп—78

© Қазақ ССР «Білім» қоғамы, 1978.

Советтер елінің коммунистік қоғам құрылысы жолында алға басуының таяу болашаққа арналған айқын программасын белгілеп берген партиямыздың тарихи XXV съезінен бері көп уақыт өте қойған жоқ. Соған қарамастан осы қысқа ғана кезеңнің өзі съезд белгілеген экономикалық және әлеуметтік программалардың өміршеңдігін, мұның өзі экономикалық, ғылыми-техникалық потенциал тұрғысынан еліміздің мүмкіндіктерін еселеп арттырып қана қоймай, сонымен бірге халықтың мәдени-тұрмыстық, әл-ауқат дәрежесін де жаңа белестерге көтере түскенін, совет адамдарының қоғамдық саналылығы мен идеялық-саяси жағынан кемелденіп толысқандығын, партия белгілеп берген ұлы жоспарларды қаһарман жұмысшы табы мен колхозшы шаруалардың, бүкіл совет адамдарының зор мүдделілікпен қарсы алып, оларды жүзеге асыру жолындағы бүкілхалықтық қозғалысқа жаппай қосылғанын және ақыр соңында, лениндік Орталық Комитеттің, заманымыздың аса көрнекті саяси қайраткері Л. И. Брежнев жолдас бастаған КПСС Орталық Комитеті Саяси Бюросының биік парасатты саясаты барлық жерлерде бірдей жаппай қолдау тауып отырғанын тағы да көз жеткізе дәлелдеп берді.

Еліміздің ішкі және сыртқы саясатындағы барлық маңызды мәселелерді қамтыған аса ауқымды тарихи шешімдер қабылдай отырып, КПСС XXV съезі совет қоғамының коммунизмге қарай ілгері басқан жолындағы маңызды белеске айналды. Съезд документтерінде совет қоғамының дамуындағы тарихи кезеңдер және өмір алға қойған міндеттер мен проблемалардың өзіне тән ерекшеліктері барынша толық бейнеленді.

КПСС XXV съезі сонымен бірге еліміздің мүмкіндіктері орасан зор екенін көрсетті. Демек, совет қоғамы бұрынғы қай кездегіден болса да берік және құрыштай

мығым. Совет халықтарының барлық таптары мен әлеуметтік топтарының, барлық ұлттары мен халықтарының, барлық ұрпақтарының бірлігі бұрынғы қай кездегіден болса да берік және мызғымастай мығым. Осы берік негіздерге сүйене отырып, партия коммунистік құрылыстың жаңа табыстарына жеткізетін ғаламат жоспарларды жүзеге асыруға кірісті. Бұл жоспарлардың бел ортасында халықтың мәдени-тұрмыстық, әл-ауқат дәрежесін одан әрі ұдайы арттыруға бағытталған әлеуметтік мәселелердің орыны да олқы емес.

Халық шаруашылығын дамытудың оныншы бесжылдығы коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасауда, қоғамдық қатынастарды жетілдіру мен жаңа адамды қалыптастыруда және социалистік өмір салтын дамытуда маңызды жаңа кезең болып табылатынын атап көрсете келіп, КПСС XXV съезі: «Оныншы бесжылдықтың басты міндеті — қоғамдық өндірісті серпінді және үйлесімді дамытудың, оның тиімділігін арттырудың, ғылыми-техникалық прогресті тездетудің, еңбек өнімділігін арттырудың, халық шаруашылығының барлық буындарында жұмыс сапасын барынша жақсартудың негізінде халықтың материалдық және мәдени-тұрмыс дәрежесін жақсарту беру жөніндегі Коммунистік партияның бағытын дәйекті түрде жүзеге асыру,¹» — деп атап көрсетті. Осыған сәйкес СССР халық шаруашылығын өркендетудің 1976—1980 жылдарға арналған Негізгі бағыттарында халықтың материалдық және рухани қажеттерінің анағұрлым толық қанағаттандырылуы, тұрғын үй жағдайларының жақсартылуы, қоғамдық тұтыну қорларының одан әрі ұлғайтылуы, халықтың рухани қажеттері дамытылып, совет адамдарының қоғамдық белсенділігінің өсуіне барынша ықпал жасалуы, халықтың тұрмыстық және тынығу жағдайларының жақсаруы көзделді. Ауыл-селоларда ауыл шаруашылығы өндірісін индустрияландыруды тездетудің және мәдени-тұрмыстық қызмет көрсетуді жақсартудың негізінде қала мен село халқының тұрмыс дәрежелері мен жағдайларының одан әрі жақындастырылуы, қала мен деревня арасындағы әлеуметтік-экономикалық және мәдени-тұрмыстық айырмашылықтардың дәйектілікпен жойылуы қамтамасыз етілетін болды.

¹ КПСС XXV съезінің материалдары, Алматы, 1976, 148-бет.

мығым. Совет халықтарының барлық таптары мен әлеуметтік топтарының, барлық ұлттары мен халықтарының, барлық ұрпақтарының бірлігі бұрынғы қай кездегіден болса да берік және мызғымастай мығым. Осы берік негіздерге сүйене отырып, партия коммунистік құрылыстың жаңа табыстарына жеткізетін ғаламат жоспарларды жүзеге асыруға кірісті. Бұл жоспарлардың бел ортасында халықтың мәдени-тұрмыстық, әл-ауқат дәрежесін одан әрі ұдайы арттыруға бағытталған әлеуметтік мәселелердің орыны да олқы емес.

Халық шаруашылығын дамытудың оныншы бесжылдығы коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасауда, қоғамдық қатынастарды жетілдіру мен жаңа адамды қалыптастыруда және социалистік өмір салтын дамытуда маңызды жаңа кезең болып табылатынын атап көрсете келіп, КПСС XXV съезі: «Оныншы бесжылдықтың басты міндеті — қоғамдық өндірісті серпінді және үйлесімді дамытудың, оның тиімділігін арттырудың, ғылыми-техникалық прогресті тездетудің, еңбек өнімділігін арттырудың, халық шаруашылығының барлық буындарында жұмыс сапасын барынша жақсартудың негізінде халықтың материалдық және мәдени-тұрмыс дәрежесін жақсарту беру жөніндегі Коммунистік партияның бағытын дәйекті түрде жүзеге асыру,¹» — деп атап көрсетті. Осыған сәйкес СССР халық шаруашылығын өркендетудің 1976—1980 жылдарға арналған Негізгі бағыттарында халықтың материалдық және рухани қажеттерінің анағұрлым толық қанағаттандырылуы, тұрғын үй жағдайларының жақсартылуы, қоғамдық тұтыну қорларының одан әрі ұлғайтылуы, халықтың рухани қажеттері дамытылып, совет адамдарының қоғамдық белсенділігінің өсуіне барынша ықпал жасалуы, халықтың тұрмыстық және тынығу жағдайларының жақсаруы көзделді. Ауыл-селоларда ауыл шаруашылығы өндірісін индустрияландыруды тездетудің және мәдени-тұрмыстық қызмет көрсетуді жақсартудың негізінде қала мен село халқының тұрмыс дәрежелері мен жағдайларының одан әрі жақындастырылуы, қала мен деревня арасындағы әлеуметтік-экономикалық және мәдени-тұрмыстық айырмашылықтардың дәйектілігінен жойылуы қамтамасыз етілетін болды.

¹ КПСС XXV съезінің материалдары, Алматы, 1976, 148-бет.

ҚПСС XXV съезінің шешімдеріне сәйкес Коммунистік партия совет адамдарының еңбектегі және қоғамдық-саяси өмірдегі белсенділігін барған сайын өрістетіп, коллективизм сезімін одан әрі нығайтуға, советтік социалистік өмір салтының барлық жақтарын дамытуға жағдай жасап отыр. Өйткені мұнысыз материалдық әл-ауқаттың өсуі мешандық, ұсақ буржуазиялық психологияның қайталануына әкеліп соқтыруы мүмкін екені өзінен-өзі түсінікті. Сондықтан да біздің қоғамымыз әлеуметтік шаралардың бүкіл комплексін дәйектілікпен жүзеге асыра отырып, Л. И. Брежнев жолдастың ҚПСС XXV съезінде жасаған Есепті баяндамасында атап көрсетілгеніндей, «өз дамуында неғұрлым биік асуларға көтерілген сайын, социалистік адамгершілік нормаларынан ауытқушылықтың әлі де кездесіп қалатын көріністеріне солғұрлым төзгісіз болады». Осылайша советтік жаңа өмір салтының саяси негіздері нығая түседі де, олар коммунизм құрылысшыларының іштей түсініп-сезінген рухани қажеттілігіне біртіндеп айнаулы үшін қажетті жағдайлар жасала береді.

Халықтың мәдени-тұрмыстық, әл-ауқат дәрежесін одан әрі арттыру бағытында әлеуметтік шаралардың бүкіл комплексін жүзеге асыру кезінде, осыған байланысты ұйымдастырушылық және саяси-бұқаралық жұмыстарды жүргізу барысында ҚПСС XXV съезінің бұл тұжырымдары мен қағидаларын басшылыққа алып отыру қажет болады.

Еңбекшілердің мәдени-тұрмыстық, әл-ауқат дәрежесін одан әрі арттыру жөніндегі әлеуметтік-экономикалық шараларды ойдағыдай жүзеге асыру ең алдымен экономиканы өркендету саласындағы жұмыстарымыздың жемісті болуына тікелей байланысты. Мұны Совет мемлекетінің бүкіл даму тарихы, Коммунистік партияның тікелей басшылығымен жүзеге асырылып келе жатқан әлеуметтік, мәдени, рухани бағыттағы шаралардың бүкіл практикасы айқын дәлелдеп отыр.

ҚПСС XXV съезінің тарихи шешімдерін ойдағыдай жүзеге асыру, оныншы бесжылдықтың жоспарлы тапсырмалары мен өздері қабылдаған көтеріңкі социалистік міндеттемелерді мерзімінен бұрын орындау, сөйтіп, революциялық күрес пен жасампаздық жарқын істердің мерекесі — Ұлы Октябрь социалистік революциясының даңқты 60 жылдығын қоғамдық өндірістің барлық са-

лаларында лайықты еңбек тартуларымен қарсы алу жолындағы Бүкілодақтық социалистік жарысқа қосыла отырып, Ақ Жайық өңірінің еңбеккерлері де өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы өндірісін дамытуда айтарлықтай табыстарға жетіп келді.

Ұлы Октябрьдің 60 жылдығын лайықты қарсы алу жолындағы социалистік жарыста еңбек коллективтері арасында толып жатқан патриоттық бастамалар өмірге келді. КПСС Орталық Комитетінің «Ұлы Октябрь социалистік революциясының 60 жылдығы туралы» қаулысымен жігерленген облысымыздың әртүрлі өндіріс буындарындағы 25 мыңдай еңбек адамы, 645 бригада, 24 смена, 36 учасок, 300-ден астам цех пен ферма, 116 кәсіпорын мен ұйым Октябрь мерекесіне дейін оныншы бесжылдықтың екі жылының өндірістік программасын орындау жөнінде көтеріңкі социалистік міндеттеме қабылдады. Мұндай патриоттық бастама иелерінің қатарында В. И. Ленин атындағы Орал арматура заводының, «Уральскводстрой» тресінің қарамағындағы құрылыс материалдары комбинатының, Зеленов ауданындағы «Пермь», Камен ауданындағы «Шипов», Ақжайық ауданындағы «Чапаев», «Еңбек», Жаңақала ауданындағы «Мастексай» совхоздарының, Приурал ауданындағы «Вперед к коммунизму» колхозының және басқа да ондаған кәсіпорындар мен шаруашылықтардың коллективтері болды.

Бұл бастама Орал өңірінің барлық еңбек коллективтерінде қызу қолдау тапты. Соның нәтижесінде 116 кәсіпорын мен ұйым, 969 бригада, цех, ферма және 25 мыңнан аса еңбек адамы Ұлы Октябрь социалистік революциясының қарсаңында өздерінің мерекелік социалистік міндеттемелерін ойдағыдай орындап шыққаны жайында рапорт берді. Облысымыздың өнеркәсіп орындары жоспарға қосымша үш миллионнан астам сомның өнімін шығарды.

Ақ Жайық өңірі ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің мерекелік табыстары да олқы болған жоқ. Облыс шаруашылықтарында мал басын өсіру жоспары барлық түліктер бойынша асыра орындалды. Мемлекетке мал шаруашылығы өнімдерін тапсыру қарқыны алдыңғы жылдармен салыстырғанда едәуір арта түсті. Облыс бойынша әр жүз саулықтан 100 қозы өсірілді. Мұның өзі 1976 жылы алынған қозы мөлшерінен 24 қозы артық

алынды деген сөз. Бұл орайда әсіресе әр жүз саулықтан 103-тен 107-ге дейін қозы өсірген Камен, Фурманов, Орда, Казталовка, Тайпак, Жаңақала аудандарының шаруашылықтары жақсы көрсеткіштерге жетті. Мемлекетке етке өткізілген әрбір ірі қараның тірілей орта салмағы облыс бойынша 420 килограмнан айналды.

Облыс экономикасын дамытудағы осындай қол жеткен табыстарымыз мәдени-тұрмыстық және әлеуметтік шаралар комплексін ойдағыдай жүзеге асыруға, осылардың негізінде халықтың әл-ауқат дәрежесін арттырып, тұрмыс мәдениетін бүгінгі күннің биік деңгейіне көтеруге, қалаларымыз бен ауыл-селоларымызды көркейтіп, көгалдандыруға мүмкіндік беріп отыр.

Коммунистік партияның программасында қала мен деревня арасындағы әлеуметтік-экономикалық және мәдени-тұрмыстық айырмашылықтарды бірте-бірте жоюдың тарихи міндеті айқын белгіленіп берілді. Өндірістің барлық буындарын, соның ішінде ауыл шаруашылығы өндірісін өрге бастыру және осыған байланысты күрделі құрылысты дамыту коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасауда аса маңызды мәселелер болып табылады. Осы орайда партиямыз бен үкіметіміздің «Селодағы құрылысты тәртіпке келтіру туралы» қаулысының маңызы үлкен деп білеміз. Онда шағын деревняларды біртіндеп көрікті поселкелерге айналдырудың ғылыми негізделген кең көлемді программасы жасалды. Соның өзінде мұндай поселкелерде село тұрғындарының өнімді еңбек етуі және мәдениетті тынығуы үшін барлық қажетті жағдайларды жасау көзделген.

Экономика мен мәдениеттің дамуына байланысты еңбекшілердің бос уақыттары біртіндеп көбейе бермек. Демек, біз коммунизмге жақындаған сайын, Карл Маркстің көрегендік атап көрсеткеніндей, біздің қоғамымыздың байлығы жұмыс уақытымен емес, қайта бос уақытпен өлшенетін болады. Осыған байланысты совет адамдарының рухани өсуі, олардың тұрмыс мәдениеті сол бос уақыттың қалай пайдаланылатынына қарай сипатталады. Сондықтан да партиямыз бен үкіметіміз совет адамдарының саналылығы мен қоғамдық белсенділігін арттыруға, олардың еңбек және демалыс жағдай-

ларын жақсартуға, қала мен деревня арасындағы тұрмыс жағдайының айырмашылықтарын жоюға үнемі қамқорлық жасап келеді. Бұл айтылғандардың айқын мысалын біздің облысымыздың өмірінен де көруге болады.

Ақ Жайық өңірінде облыстық партия ұйымының тікелей басшылығы және күнбе-күнгі қамқорлық-көмегі арқасында өндірістік және мәдени-тұрмыстық құрылыстың кеңқанат жайғаны бүгінде кім-кімге болса да белгілі ақиқат. Осының нәтижесінде облысымыздың қалалары мен ауыл-селоларының келбеті айтарлықтай өзгерді. Жыл өткен сайын жаңа тұрғын аудандар мен көрікті поселкелер, облыс орталығында және аудандарда әсем ғимараттар, клубтар мен кинотеатрлар, мектептер мен балалар мекемелері, дүкендер мен асханалар, тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорындары мен спорт құрылыстары бой көтеруде. Сонымен бірге коммуналдық құрылыс, жолдар мен тротуарлар салу, тұрғын аудандарды, көшелер мен алаңдарды, қоғамдық орындарды көгалдандыдыру жұмыстары да кең қанат жайып келеді.

Осының бәрі совет адамдарының материалдық және мәдени әл-ауқат дәрежесін одан әрі арттыруды оныншы бесжылдықтағы басты міндет деп жариялаған КПСС XXV съезінің шешімдерін жүзеге асыруға қосылған лайықты үлес болып табылады.

Өткен бесжылдықта облысымызда тұрғын үй құрылысына 138 миллион сом, ал коммуналдық құрылысқа 18 миллион сомнан астам мемлекеттік күрделі қаржы жұмсалды. Осының нәтижесінде 840 мың шаршы метр тұрғын үй, 58 километр су құбыры, 56 километр канализация жүйесі, 7 километр жылу жүйесі, үш монша-кір жуу комбинаты, жеті мейманхана, тұрмыс үйі, сол сияқты 22 мың орынды 34 мектеп, 33 Мәдениет үйі мен кинотеатр, төрт аудан орталықтарында аурухана комплекстері, облыстық емхананың жаңа үйі, облыстық балалар ауруханасы және басқа да толып жатқан мәдени-тұрмыстық және коммуналдық объектілер пайдалануға берілді. Мұның сыртында қолхоздар мен совхоздардың өз қаржылары есебінен қатарға қосылған объектілер де аз емес.

Оныншы бесжылдықта облысымыздың күрделі құрылысына арналып 1,3 миллиард сомнан астам күрделі қаржы бөлініп отыр. Бұл жылдар ішінде біз мәдени-тұр-

мыстық және коммуналдық құрылыс қарқынын одан әрі өрістеті бермекпіз. Мысалы, оныншы бесжылдықта мемлекеттік күрделі қаржылар есебінен 33 мың бала оқитын мектеп үйлерін, 9 мың орынды мектеп жасына дейінгі балалар мекемелері мен 600 төсекті аурухана, күніне мың адам қабылдайтын емханалар салу көзделуде. Сонымен бірге Орал қаласында жаңадан темір жол вокзалы, аэропорт комплексі, облыстық баспахана үйі салыпбақшы.

Мәдени-тұрмыстық құрылыстың осы үлкен программасын жүзеге асыру барысында облысымызда оныншы бесжылдықтың басынан бері 552 мың шаршы метр тұрғын үй, 8830 орынды мектеп үйлері, 2000 орынды мектеп жасына дейінгі балалар мекемелері, облыстық санитариялық-эпидемиологиялық станция, 3200 орынды клубтар мен кинотеатрлар, Орал қаласында облыстық партия комитетінің саяси ағарту үйі, музыка мектебі және басқа да бірқатар объектілер қатарға қосылды.

Кейінгі жылдары облыс орталығын көркейтін, көгалдандыру бағытында көптеген жұмыс жүргізілді. Тек оныншы бесжылдықтың басынан бері ғана Оралда жалпы көлемі 230 мың шаршы метр тұрғын үй, 1176 орынды мектеп үйлері мен 560 орынды мектеп жасына дейінгі балалар мекемелері қатарға қосылып, 9 сауда, қоғамдық тамақтандыру және тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорны ашылды.

Облыс орталығының еңбекшілері өздерінің туған қаласын жоғары мәдениет және үлгілі тәртіп қаласына айналдыру жолында күресіп келеді. Бұл жөнінен қаланың микроаудандары өзара социалистік жарысқа түсті. Өнеркәсіп кәсіпорындары мен ұйымдардың коллективтері өз территорияларын және олардың төңірегіндегі көшелерді тәртіпке келтіру мәселесін міндеттемелеріне арнайы жазып, тұрғын микроаудандарды қамқорлыққа алып келеді.

Қалалық Советтің депутаттары мен тұрақты комиссиялары, депутат топтары қаланы көркейтуге тұрғындарды қатыстыру жөнінде жұмыс жүргізумен бірге тұрғын кварталдарда, сауда және қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарында санитарлық нормалардың сақталуын қадағалайды, қаланың тазалығы мен тәртібіне жауап беретін қызмет орындарының жұмысын бақылап отыра-

ды. Жалпықалалық сенбіліктер мен жексенбіліктер өткізу, қаланы көркейту жөнінде айлықтар жариялап отыру дәстүрге айналды.

Осындай пәрменді жұмыстардың нәтижесінде Орал қаласы мерекелі жылда жұмыс қорытындылары бойынша қаланы көркейту жөніндегі республика қалалары арасындағы социалистік жарыста екі рет бірінші, екінші орынға және ақшалай сыйлыққа ие болды. Осыған байланысты болып өткен Орал қалалық партия-шаруашылық активінің жиналысына қатысушылар Орал қаласын көркейтуді одан әрі жақсарту жөнінде қаланың барлық еңбекшілеріне үндеу қабылдап, оларды туған қаланы көркейту жөніндегі жұмыстарға белсенді қатысуға және бұл ретте орын алып келген кемшіліктерді жоюға мүдделі болуға шақырды. Бұдан былай да тұрғын үй қорын көшелер мен кірме жолдарды, иженерлік құбылыстар мен коммуникацияларды үлгілі ұстау, Орал қаласын қазіргі заман архитектурасына сай жайлы жоспарланған, халық тұрмысы үшін санитарлық тазалық дәрежесі жоғары, шаруашылығы жақсы ұйымдас-тырылған қалаға айналдыру жолындағы социалистік жарысты кең өрістетуге ұйғарылды.

«Қалада халыққа ыңғайлы көшелер жүйесі мен транспорт магистралын жасау, коммуналдық қызмет кәсіпорындарының, сауда, тұрмыстық қызмет салаларының қуаттарын арттырып, үнемі жақсартып беру, тұтынушыларды қазіргі заманғы отын, жылу, су және электр қуатымен үзіліссіз жабдықтау, бүкіл қалада тазалықты сақтау, ол жөніндегі жауапкершілікті арттыру, көшелерді, кірме жолдарды, тротуарларды, алаңдарды, аулаларды, үйлердің маңын тазарту, барлық жарнамалар мен маңдайларды дұрыс көркемдеп орналастыру біздердің өзімізге байланысты, — деп жазды бұл үндеуде қалалық партия-шаруашылық активі жиналысына қатысушылар. — Бұдан былай да қаланы көгалдандыруға, парктерді, скверлерді, гүл аладарын және газондарды күтуді жақсартып, әрбір тұрғынға оның өзінің туған қаласының қожасы екенін ұғындыруға үнемі баса назар аударайық».

Коммунистік партия қала мен деревня арасындағы айырмашылықты бірте-бірте жою, ауыл-село мәдениетін қала мәдениетіне жақындату мәселесіне әлеуметтік маңыз беріп, ұдайы қамқорлық жасап келеді. Осыған орай

ҚПСС XXV съезінің шешімдерінде қалалармен бірге ауыл-село, елді мекендердің архитектуралық келбетіне, оларды көркейтуге баса көңіл бөлінді.

Ауыл-село мәдениетін көтеру жөнінде партия алға қойған осындай елеулі міндеттерді жүзеге асыру жөнінде біздің облысымызда да көптеген жұмыстар атқарылып жатыр. Соңғы жылдары құрылыс сапасы айтарлықтай жақсарды, елді мекендерді, әсіресе селолық жерлерде құрылыс салу кезінде, көркейту дәрежесін арттыруға айрықша көңіл бөлінуде. Қазір облысымыздың барлық совхоздары мен колхоздарының орталық усадьбалары алдын ала жасалған перспективалық бас жоспар бойынша салынуда.

Облысымыздың ауыл-селоларын көркейтін, көгалдандыру жолындағы жаппай қозғалыс осыдан бірнеше жыл бұрын өріс алған еді. 1975 жылдың шөнінде облыстық партия комитетінің бюросы мен халық депутаттары облыстық Советінің атқару комитеті Қазталовка ауданындағы «Бостандық» совхозы жұмысшылары мен қызметшілерінің елді пункттерді үлгілі көркейтін, село мәдениетін арттыру жолындағы социалистік жарысты кең өрістету жөніндегі бастамасын мақұлдады.

Бұл бастама облысымыздың барлық аудандарында, совхоздары мен колхоздарында қызу қолдау тапты. Сөйтіп, бостандықтықтардың өнегесі бойынша өріс алған жұмыстардың нәтижесінде ауыл-селоларымыздың келбеті бұрынғыдан көрікті бола түсті, жаңадан әдемі қоныс-мекендер бой көтерді.

«Бостандық» совхозы коллективінің үндесуіне жауап ретінде 1976 жылы елді пункттерді үлгілі көркейтін, село мәдениетін арттыру жолындағы социалистік жарыстың қорытындысы бойынша Қаратөбе ауданының «Қоскөл» совхозы жарыс жеңімпазы деп танылып, совхоз коллективіне Қазақстан Компартиясы облыстық комитеті мен облыстық атқару комитетінің ауыспалы Қызыл туы мен 1000 сом ақшалай сыйлығы берілді. Бұл совхозда тек бір жылдың өзінде ғана екі пәтерлі сегіз және бір пәтерлі 21 тұрғын үй салынды. 53 үйдің сырты сылакат кірпішімен қапталды. Үлгі жоба бойынша салынған дүкен, асхана, кітапхана, медпункт орта мектеп үйі қатарға қосылды. 6000 түп ағаш отырғызылып, мәдениет және демалыс паркі жасалды.

Чапаев ауданында, Көшім өзені бойында жаңадан тұрғызыла бастаған Жамбыл келесі кезінде бір қыр төсіндегі қалашық болып өсіп-жетіліп келеді. Селонның құрылысын жүргізу барысында тұрғындардың тұрмыстық қажеттері жан-жақты ескерілген. Онда мәдени-тұрмыстық қызмет көрсету, жабдықтау, село тұрғындарының демалысы және басқа да жағдайлар түгел ескеріліп, тұрмысқа қажетті қосымша шаруашылық құрылыстары, қора, аулалар орталық усадьбадан аулақ салынған. Мұның өзі село мәдениетін барған сайын жетілдіруге, тұрғын үйлер төңірегі мен көшелерді көркейтуге және санитарлық тазалық нормаларының сақталып отыруына мүмкіндік жасауда. Совхоз орталығындағы барлық үйлер бір орталықтан жылытылады. Тек өткен жылдың бір өзінде ғана мұнда 30 мыңнан астам жас көшеттер отырғызылды.

Село мәдениетін көтерудегі осындай игілікті жұмысы үшін Жамбыл атындағы совхоз облыстық социалистік жарыстың екінші жүлдегері атанып, дипломмен және 700 сом мөлшерінде ақшалай сыйлықпен наградталды.

Үшінші орын және оған қоса диплом мен 500 сом мөлшерінде ақшалай сыйлық Теректі ауданындағы Калинин атындағы колхоздың коллективіне берілді.

Облыстық партия комитетінің бюросы мен халық депутаттары облыстық Советінің атқару комитеті сонымен бірге Припурал ауданындағы Петров атындағы колхоздың, Жымпиты ауданындағы Шолақанкаты және Жетікөл селолық Советтерінің, Чапаев аудандық өндірістік комбинатының, Козталовка ауданындағы «Бостандық» совхозының елді мекендерді көркейту және санитарлық жағдайын жақсарту жөніндегі жақсы жұмыстарын атап өтті.

Селолық жерлердегі құрылысқа кейінгі кезде керамика, бетон сияқты құрылыс материалдары кеңінен қолданыла бастады. Мұның өзі құрылыс жұмыстарын тездетумен бірге жаңадан салынған ғимараттардың сәнін келтіріп, мәдениетін арттыра түсті. Жымпиты ауданындағы Еңбек Қызыл Ту орденді «Правда» газеті атындағы совхозда осындай берік те сымбатты үйлер көптеп бой түзеуде. Мұнда соңғы жобамен тұрғызылған Мәдениет сарайы, спорт залы бар типтік жобада тұрғызылған орта мектеп, әкімшілік үйлері, мектеп-интернаттың жатақхана корпусы, балалар комбинаты, асхана, аурухана

на, монша бар. Сауда орындары мен тұрмыстық қызмет көрсету мекемелері де қолайлы үйлерге орналасқан. Үлгі-тәжірибе жобасы бойынша тұрғызылған негізінен екі-төрт және сегіз пәтерлі тұрғын үйлер селоға сән беріп тұр. Село мәдениетін көтеру жолындағы талай байқауларда жақсы жұмысы айрықша аталып жүрген бұл совхоздың барлық бөлімшелеріндегі тұрғын үйлерге су құбыры, радио желісі тартылып, олар газбен жабдықталған. Бұл бөлімшелер мен осындағы елді мекендерден теледидарсыз үйлерді кездестіру қиын.

Осындай сәнді құрылыстар Ақжайық ауданындағы «Чапаев» асыл тұқымды мал заводының орталығында да жыл сайын көптеп салынып келеді. Бұл селодағы тұрғын үйлер, өндірістік және мәдени-тұрмыстық қызмет орындары қала құрылысының үлгісінде салынуда. Оқтай түзу көшелер бойы жасыл желекпен көмкерілген. Осындағы демалыс паркі еңбек адамдарының сүйікті орнына айналып отыр.

Облысымызда қала үлгісіндегі поселкелер де бірсыдырғы жақсы дамып келеді. Соңғы жылдары ғана Ақсай және Чапаев қалалары мен Шыңғырлау және Жәнібек қала үлгісіндегі поселкелерінде айта қаларлықтай ұнамды өзгерістер болды. Бұларда да тазалық пен тәртіп сақтау жолындағы социалистік жарысты ұйымдастырудың сенімді жолдары практика жүзінде қолданылуда.

Жоғарыда аталған қалалар мен қала үлгісіндегі поселкелерде, совхоздар мен колхоздардың орталықтары мен басқа да ауыл-селоларда басшы органдар, жергілікті партия, совет, кәсіподақ және комсомол ұйымдары село мәдениетін көтеруге экономикалық мәселелермен бірдей көңіл бөліп, бұл маңызды жұмысқа қоғамдық ұйымдар мен бүкіл жұртшылықты түгел жұмылдырып отырады. Қыс айларында аула-қора маңында жиналып қалған қоқыстар арнайы бөлінген транспортпен алысқа, арнаулы орындарға шығарылып тасталады. Жыл сайын көптеп ағаш көшеттері отырғызылып, олар тиісті күтімге айналады. Көптеген семьялар үй төңірегі мен аула ішіне гүл өсіреді. Қонақ үйлер, мәдениет мекемелері жанында, көшелер мен алаңдарда, көпшілік болатын басқа да жерлерде гүлзарлар жасалады. Бұл жұмыстарға үй шаруасындағы әйелдер мен мектеп оқушыларын қатыстырып отыру да жақсы нәтиже беруде.

Көшелер мен елді мекендерді жасыл желекке бөлеп, көріктендіре түсуге жергілікті Советтер, олардың депутаттары мен тұрақты комиссиялары, көше комитеттері белсене қатысып отырады. Селоның тұрмыс мәдениетін көтеруге белсене қатысқандарды ынталандырып отыру, жиі-жиі гүл өсірушілердің конкурстарын өткізу, екпінді айлықтар мен сенбілік-жексенбіліктер жариялау жақсы дәстүрге айналып келеді.

Ауыл-село еңбеккерлеріне коммунистік тәрбие беруде және олардың мәдени-тұрмыстық, әл-ауқат дәрежесін жақсартуда қаланың селогоа қамқорлық жасап отыруының маңызы үлкен. Бұл орайда бізде бірсыдырғы жақсы дәстүр, ұнамды тәжірибе қалыптасты. Облыс орталығындағы өнеркәсіп кәсіпорындары мен құрылыс ұйымдарының коллективтері өндірістік және мәдени-тұрмыстық объектілер салу, елді пункттерді көркейту жөнінде өздері қамқорлыққа алған совхоздар мен колхоздарға нақты көмек көрсетіп отырады. Қаланың творчестволық ұйымдары селолық жерлердегі мәдениет мекемелеріне қамқорлық жасайды.

Қоғамдық өндірістің өрге басуы нәтижесінде ауыл-село тұрғындарының нақты табыстары артты, осының негізінде олардың тұрмысы да жақсара түсті. Мысалы, Зеленов ауданындағы «Путь к коммунизму» колхозы жыл сайын мол табыс келтіреді. Мұның өзі оған экономиканы өркендетумен бірге барлық село еңбеккерлерінің мәдениеті мен материалдық жағдайын жақсартуға мүмкіндік беруде. Колхоз орталығында кейінгі кезде әдемі тұрғын үйлер, басқа да тұрмыстық қызмет көрсету объектілері, ошақтары бой көтерді. Орал өңірінің басқа да шаруашылықтары сияқты, мұнда да Құйбышев су-электр станциясынан жоғары вольтті электр желісі тартылды. Құрылысқа, село тұрғындарының мәдени-тұрмыстық мұқтаждарына бөлінетін қаржы мөлшері артты. Өткен бесжылдықта колхозшылардың орташа айлық табысы 170 сомнан айналды.

Мұндай мысалдарды облыстың кезкелген ауданынан, кезкелген шаруашылығынан көптеп келтіруге болады. Осының бәрі халықтың мәдени-тұрмыстық және әл-ауқат дәрежесі артқанының айқын көрінісі болып табылады.

Облыстық партия комитеті еңбек адамдарына мәдени қызмет көрсетуді партиялық жұмыстың маңызды буыны деп біледі. Өйткені мәдени қызметтің мазмұнды болуы бұқараның күш-жігерін шаруашылық және саяси міндеттерді орындауға жұмылдыруға, еңбек адамдарының коммунистік сана-сезімін арттыруға жағдай жасайды. Адамның рухани байлығы неғұрлым мол болған сайын оның жаңалық жолындағы ізденісі де белсенді, еңбегі де өнімді бола түседі.

Қазіргі кезеңде халықтың мәдени тұрмыстық және әл-ауқат дәрежесінің артуына байланысты мәдени-ағарту мекемелерінің алдына қойылып отырған міндеттер де үлкен. Осыған орай облысымыздағы мәдени-ағарту мекемелерінің жұмысына қысқаша талдау жасайтын болсақ, кейінгі кезде бұл жұмыстың аумағы үлкен, мазмұны терең бола түскенін көреміз.

Бүгін таңда облысымызда 372 клуб мекемесі мен 446 кітапхана, 118 автоклуб, ондаған кинотеатр ауыл-село еңбеккерлерінің рухани талаптары мен тілектерін қанағаттандыру жолында қызмет етуде. Мәдени-ағарту мекемелеріндегі жұмыстың мазмұны бай, формасы әр алуан бола түскенін мына цифрлардан да көруге болады: қазір бізде төрт халық театры, бір халық оркестрі, бір халық ансамблі, 199 хор, 190 музыка үйірмесі, 13 үрмелі аспаптар оркестрі, 81 халық аспаптар оркестрі, 96 аспапты ансамбль, 160 драма және 120 би үйірмесі, 120 үгіт бригадасы, барлығы 928 көркемөнерпаздар үйірмелері бар. Оларға 12 мыңнан астам адам тұрақты түрде қатысады.

Онымен бесжылдықтың алғашқы жылында облыс көркемөнерпаздары еңбекшілер алдында 6240 концерт пен спектакль көрсеткен болса, мұнда мәдени шаралардың саны мерекелі жылдың алғашқы он айының өзінде 6850-ден асып түсті. Осы мерзім ішінде халық таланттарының өнерін 773 мыңнан астам адам қызықтады.

Мерекелі жылы жүзеге асырылған мәдени шаралардың ең елеулісі «Ұлы Октябрьдің 60 жылдығын лайықты қарсы алайық» деген ұранмен өкізілген облыстық көркем өнер мерекесі болды. Еңбекшілердің көркем творчествосының Бүкілодақтық бірінші фестивалі облысымыздың мәдени-ағарту мекемелерінің жұмысында соны серпін туғызып, әсіресе халық творчествосының кең өрістен дамуына елеулі ықпал жасады. Творчестволық кештердің, концерттердің, байқау-конкурстардың

репертуарларында Советтер елінің асқаралы алпыс жыл ішіндегі жетістіктері айшықты көрініс тапты. Фестивальдің бүкіл барысы адамдарымыздың мәдениет игіліктерін өз мүдделеріне пайдаланып қана қоймай, оны үнемі молайта түсуге, сөйтіп өміріміздің рухани мазмұнын байытуға үздіксіз үлес қосып келе жатқанын айқын бейнелеп берді. Революциялық күрес тақырыбы, бейбіт еңбек тынысы, отаншылдық рух облыс бойынша өкізілген тақырыптық конкурстарда, вокальдық-аспаптық ансамбльдердің, көркем сөз оқушылардың, хор және би коллективтерінің байқаулары мен конкурстарында айрықша ажармен жаңғырыға естілді.

Еңбекшілердің көркем творчествосының Бүкілодақтық бірінші фестивалінің алғашқы кезеңі өнеркәсіп кәсіпорындарында, колхоздар мен совхоздарда, ұйымдар мен мекемелерде, оқу орындарында, клубтарда, аудандық және қалалық мәдениет үйлері мен сарайларында өтті.

Фестивальдің екінші кезеңінде көркемөнерпаздар коллективтері әртүрлі жанрлар бойынша сайысқа түсті, өнерпаз артистер мен творчестволық коллективтердің Отанды, партияны, еңбекті мадақтаған арнаулы программалары мен творчестволық есептері тыңдалды.

Фестивальдің соңғы кезеңінде Октябрьдің 60 жылдығына арналып Орал қаласында өткізілген облыстық көркем өнер мерекесіне 3 мыңнан астам адам қатысып, 124 жеке өнерпаз, 15 хор, 18 вокальдық-аспаптық және 12 би коллективі, 11 халық аспаптар оркестері өз өнерлерін ортаға салды.

Облыстық көркемөнер мерекесі қарсаңында Орал қаласы мен аудан орталықтарында көркемөнерпаздар фестивальдары болып өтті. Мысалы, Орал қаласының барлық Мәдениет сарайларында, механикалық заводтың клубында және телефон-телеграф станциясы жанындағы қызыл мүйісте ұйымдастырылған көркем өнер мерекелері аса тартымды болды. Мерекелік фестиваль шаралары кезінде жаңадан көптеген жас таланттар, тұтас творчестволық коллективтер үздік өнерімен танылды. Октябрь революциясының 50 жылдығы атындағы Орал жөндеу заводының және теміржолшылардың Мәдениет сарайлары жанындағы хор коллективтері қалалық конкурстың лауреаты атағын жеңіп алды. Сол сияқты Ворошилов атындағы Орал машина жасау за-

воды Мәдениет сарайының вокальдық-аспаптық ансамблі мен жөндеу заводы Мәдениет сарайының эстрадалық оркестрі орындаушылық шеберлігінің өскендігімен сүйсінтті.

Қаланың Мәдениет сарайлары мен клубтары көркем-өнерпаздар коллективтеріне балалар мен жас өспірімдерді де көптеп тартып келеді. Ворошилов атындағы машина жасау заводының Мәдениет сарайы жанындағы «Мектеп жылдары» деп аталатын жас өспірімдер ансамблі тартымды концерт программасымен, орындаушылық шеберлігімен көрермен қауымға жақсы танылып қалды. Қала мектептерінің көптеген оқушы жастары халық ағарту қызметкерлерінің облыстық үйі жанындағы көркемөнерпаздар үйірмелерінде шеберліктерін шыңдап, өнердің тылсым сырларымен танысып жүр. Осындағы Н. Хамитова жетекшілік ететін қазақ жастарының хоры, З. Клемина басқаратын бишілер тобы, сондай-ақ әншілер мен көркем сөз оқушылар қала тұрғындарына мәдени қызмет көрсетудің мәртебелі ісіне белсене қатысып келеді.

Өткен жылы көркемөнерпаздардың «Орал көктемі» деп аталатын дәстүрлі өнер апталығы табысты өтті. Апталық программасындағы концерттерді он мыңға жуық қала тұрғындары таманалады. Өнер апталығы қалалық «Авангард» стадионында өткізілген үлкен өнер мерекесімен аяқталды.

Облыстық көркем өнер мерекесіне тек облыс орталығының өзінен ғана екі мыңнан астам өнерпаз қатысты. Қаладағы мекемелер мен ұйымдар, оқу орындары облыстық фестивальға әзірлік күндерінде халық таланттарының шеберлігін шыңдап қойған жоқ сонымен бірге көшелерді, мәдениет орындарын, алаңдарды безендіруге де көп еңбек сіңірді. Қаланың кәсіпорындары мен мекемелері аудандардан келген өнер делегацияларын қамқорлыққа алды. Осының бәрі, сөз жоқ, облыстық өнер мерекесінің табысты өтуіне жағдай жасады.

Облыстық көркемөнер мерекесі қарсаңында тартымды фестивальдің бірі Теректі ауданының орталығында болып өтті. Мұнда фестивальға қатысушылардың салтанатты щеруі алдында өткізілген митингіде партия, совет қызметкерлері, шаруашылық басшылары, қатардағы еңбек адамдары сөз сөйледі. Олар Бүкілодақтық фести-

вальдің село тұрғындарының өмірін көркейтуге елеулі ықпал ететінін айтты.

Аудандық фестиваль «Үлкен жолдың кезеңдері» деген ұранмен өтті. Онда ауданның әрбір шаруашылығы Советтер елінің даму жолының белгілі бір кезеңін бейнеледі. Әсем безендірілген ұрандар мен плакаттар, паннолар мен транспаранттар мерекелік қолонналарды айрықша сәнге бөледі.

Мерекелік шеру аяқталғаннан кейін көркемөнерпаздар коллективтері концерт қойды, стадионда спорт ойындары өткізіліп, ипподромда ат жарысы болды. Халық таланттарының концерті көркем өнерпаздықтың бұқаралық сипатта дамып отырғанын паш етіп көрсетті. Талғампаз жюри халық таланттарының ішінен ең таңдаулыларын облыстық көркем өнер мерекесіне қатысу үшін іріктеп алды.

Приурал ауданының орталығында өткен мерекелік фестиваль шеруі кезінде приуралдықтар өздерінің еңбек майданында қол жеткен табыстарын өнер тілімен жан-жақты баяндады. Бұл ауданда кейінгі жылдары көркемөнерпаздық жақсы дамып келеді. Н. Костенко, Қ. Каренская, Қ. Руденко сияқты өнерпаздар облыстық және республикалық фестивальдардың бірнеше дүркін лауреаты атанды. Еңбекшілер көркем творчествосының Бүкіл одақтық бірінші фестивалі кезінде мұнда жаңадан ондаған таланттар танылды. Қ. Маркс атындағы колхоз клубының меңгерушісі И. Логашкин, соғыс және еңбек ардагерлерінен ұйымдастырылған хор коллективі, бишілер тобы, үрмелі аспаптар оркестрі талғампаз жұртшылықтың жоғары бағасына ие болып келеді. Бір айта кететін жай, бұл ауданда көркемөнерпаздар үйірмелеріне ақ шашты ардагерлерден бастап мектеп жасындағы балаларға дейін — жұртшылықтың әр жастағы өкілдері қатысады. Мұның өзі ауданда халық таланттарының қаулап өсіп, көркемөнерпаздар қозғалысы шын мәнінде бұқаралық сипат алып, өнер иелері жан-жақты қамқорлыққа орай шеберлік шыңдап, осы арқылы халық творчествосын дамытуға елеулі үлес қосып келе жатқанын көрсетеді.

Облыстық көркем өнер мерекесі қарсаңында мұндай фестивальдар облысымыздың барлық аудандарында болып өтті.

Осылайша өнер мерекесіне ұласқан облыстық фестивальдің қорытындысы бойынша 30 көркемөнерпаздар коллективі, сондай-ақ Орал қаласы, Жәнібек, Приурал, Орда, Зеленов, Тайпақ, Жаңақала, Фурманов және Шыңғырлау аудандары дипломмен наградталды. 200 өнерпаз фестивальдің лауреаты және дипломанты атанды.

Фестивальдің барысында бұрыннан бар өнер коллективтері шеберліктерін шындап, ұйымдық жағынан жетіле түсті, сонымен бірге жаңадан ондаған өнер коллективтері өмірге келді. Фестивальдің есепті концерттері кезінде «Ақ Жайық» халық ансамблі, «Уралочка» би коллективі, Орда, Жаңақала, Жәнібек аудандарының халық аспаптар оркестрлері, Теректі, Жаңақала, Тайпақ. Шыңғырлау аудандарының, облыстық халық ағарту қызметкерлері үйінің және облыстық ішкі істер басқармасының хор коллективтері талғампаз жұртшылық алдында өздерін қалыптасып қалған өнер коллективтері ретінде танытты.

Орал өңірінде осылайша табысты өткен еңбекшілер көркем творчествосының Бүкілодақтық бірінші фестивалі кезінде жұртшылық жүрегіне ұмытылмас іс қалдырған өнер коллективтерінің алдыңғы легінде біз «Ақ Жайық» халықтық вокальдық-хореографиялық ансамблін атаймыз. Бұл ансамбльдің концерт программасы идеялық-көркемдік жағынан өте-мөте ұстамды әрі бай, өнерпаздардың орындаушылық шеберлігі жоғары, сахналық көріністері мазмұнды.

Бұл күнде Орал өңіріне кең танымал болып отырған бұл тамаша өнер коллективі осыдан алты жыл бұрын А. С. Пушкин атындағы Орал педагогикалық институты жанындағы көркемөнерпаздар үйірмесі негізінде өмірге келген еді. Содан бері ансамбль өзінің қалыптасу, өсіп-жетілу барысында талай-талай өнер сынақтарынан сүрінбей өтіп, көркемөнерпаздардың Бүкілодақтық бірінші фестивалінің бірінші және екінші кезеңдерінде әртүрлі байқаулар мен конкурстардың, қалалық және облыстық фестивальдардың лауреаты атанды. Студент жастар арасында, өздері қамқорлыққа алған Совет Армиясының жауынгерлері ортасында, егін орағының қауырт күндерінде жауапты жұмысқа жұмыла кіріскен егіншілер, орталықтардан шалғай қоныстарда отырған малшылар мен шопандар, қой өсіруші комсомол жас-

тәр бригадалары алдында өнер көрсете жүріп, «Ақ Жайық» ансамблі қала мен село көрермендері мен сауыққойлары арасында кең танылды. Осы жылдар ішінде «Ақ Жайықтың» 150-дей концертіне 50 мыңнан астам адам қатысты.

Ансамбльдің қалыптасу жолында әсіресе 1976 жыл елеулі бір кезең болды. Осы жылдан бастап Қазақстан Компартиясы облыстық комитеті бюросының шешіміне сәйкес «Ақ Жайық» ансамблі облыстық вокальдық-хореграфиялық ансамбль болып қайта құрылып, оның құрамы еңбекшілердің көркем творчествосының Бүкіл-одақтық бірінші фестивалінің бірінші және екінші кезеңдерінде жеңімпаз атанған облыстың әртүрлі аудандарының өнерлі өкілдерімен толықтырылды.

1976 жылдың февралінде «Ақ Жайық» ансамбліне халықтық ансамбль деген құрметті атақ берілді. Сол жылы ол республикалық телевизиялық фестивальдің программасына сәйкес Алматыдан телевизия арқылы өнер көрсетті. Ансамбльдің концерт программасы жайында арнайы документті фильм түсіріліп, ол республика көрермендерінің назарына бірнеше дүркін ұсынылды.

Ұлы Октябрь социалистік революциясының 60 жылдығына арнап ансамбль арнайы тақырыптық программа әзірледі. Бұл программада туган өлкенің революциялық, жауынгерлік және ерлік даңқы, екпінді еңбек дәстүрлері, бай тарихы мен мәдениеті бейнелі формада көрініс тапты. Концерт программасына қазақ халқының тамаша күйшілері — Құрманғазының, Мұхит пен Дәулеткерейдің, Жантөре мен Динаның күйлерімен бірге осы заманғы Қазақстан композиторларының шығармалары енгізілді.

Ансамбль программасын дайындау үстінде оның құрамында жаңа творчестволық топтар — қазақтың халық аспаптары, тобы, ерлердің және әйелдердің вокальдық топтары, би коллективі өсіп жетілді. Осыған байланысты репертуар аумағы да кеңейді. Қазір ансамбльдің бишілер тобының репертуарында 14 би, вокальдық топтың репертуарында 30-ға жуық әртүрлі шығарма, эстрадалық оркестрдің репертуарында 40-тан астам шығарма бар. Ал оркестрдің халық аспаптары тобы жиырмадан астам музыкалық шығарманы табыспен орындап жүр.

Ансамбльдің программасын дайындауға арнаулы білімі бар музыка мамандары — Орал музыка училище-

сінің оқытушылары, облыстық Халық творчествосы үйінің және облыстық көркемөнерпаздар үйінің методистері қатыстырылды. Ансамбльдің қызметін бақылап, бір арнаға салып, репертуарды іріктеу және коллективте тәрбие жұмысын жолға қою үшін көркемдік-методикалық совет құрылды. Осының бәрі ансамбльдің жұмысын бір арнаға түсіріп, оның программасын аудиторияның жас ерекшелігіне және ұлттық құрамына қарай икемді етіп отыруға мүмкіндік берді.

Қазір ансамбльдің құрамында 50-ден астам өнерпаз бар. Олардың бәрі әртүрлі жастағы, әртүрлі мамандық иелері: студенттер, кәсіптік-техникалық училищелердің оқушылары, мәдениет пен халық шаруашылығының әртүрлі салаларында істейтін жастар. Ансамбльдің құрамын әлсін-әлсін жаңартып тұру мақсатында кейінгі кезде аудандарда және Орал қаласында жас өнерпаздардың конкурстары жиі-жиі өткізілетін болып жүр. Ол конкурстарда үздік өнерімен көзге түскен жастар ансамбль жанындағы даярлық тобына қабылданады. Демек, «Ақ Жайық» ансамблі облысымыздағы барлық көркемөнерпаздар коллективтеріне игілікті әсер етуде.

Ұлы Октябрьдің 60 жылдығы қарсаңында ансамбль өмірінде тағы бір елеулі оқиға болды. «Ақ Жайық» ансамблінің өнерпаз артистері Советтік достық қоғамдары одағының арнаулы туристік тобының құрамында Норвегияға барып, өзінің концерттік программасымен норвег-совет достығының апталығына қатысып қайтты. Бұл сапарында ансамбль өнерпаздары норвег сауыққойларын республикамыздың музыка, ән-күй және би мәдениетімен таныстырды.

Облысымызда төрт халық театры жұмыс жасайтынын біз жоғарыда айттық. Бір қуанарлығы, осы халық театрлары жыл озған сайын өнерлерін шыңдап, шеберліктерін жетілдіре түсіп келеді. Қазталовка аудандық Мәдениет үйі жанындағы халық театрының жұрт алдында өнер көрсете бастағанына он жылдан асып барады. Халық театрының жұмысына есімі Орал өңіріне жақсы таныс мәдениет қайраткері, Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген мәдениет қызметкері, талантты музыкант, дарынды ақын, композитор әрі суретші Сағит Садықов жетекшілік етеді. Бұл халық театрының өнерпаздар артистері облысымызда бірінші болып село сахнасына «Қыз Жібек» операсын шығарды. Сонымен бірге Г. Мү-

сіреповтың «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», М. Әуезовтың «Еңлік-Кебек», С. Сейфуллинның «Бақыт жолында», Ә. Әбішевтің «Белгісіз батыр», Ш. Айтматовтың «Алғашқы мұғалім» пьесалары сияқты күрделі дүниелерді сахнаға шығарып, республикалық байқаулардың екі дүркін лауреаты атанды. Осындағы Мәдениет үйінің жанында соңғы жиырма шақты жылдан бері мәдениет халық университеті тұрақты түрде жұмыс жасап келеді.

Ауыл сахнасының белгілі шебері, Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген мәдениет қызметкері М. Ғұмаров жетекшілік ететін Фурманов аудандық Мәдениет үйі жанындағы халық театры да Орал өңіріне жақсы таныс. Халық театрының құрамында 18 тұрақты өнерпаз артисі бар. Олар Ұлы Октябрьдің 60 жылдығы қарсаңында О. Бодықовтың «Қанжар мен домбыра» деп аталатын драмасын сахнаға шығарды. Кәнігі өнерпаз коллективтің жаңа туындысын тек Фурманов ауданының ғана емес, көршілес Жәнібек, Қазталовка, Жаңақала аудандарының сауыққойлары да қызыға тамашалады. Театр коллективінің облыстық көркем өнер мерекесінде көпшілік назарына ұсынған «Жас шопандар тойы» деп аталатын әдеби-музыкалық композициясы да тартымды шықты. Халық театрының құрамындағы Ұ. Сариева, С. Ергалиев, С. Батырқойыров, К. Жиенбаев, Л. Аманғалиева, Г. Бибенғалиева сияқты әртүрлі мамандықта істейтін өнерпаз артистер еңбек пен өнерді шебер ұштастырып, ауыл-село еңбеккерлерінің рухани талап-тілектерін қанағаттандыру жолында жемісті еңбек етіп келеді.

Ауыл-село мәдениетін көтеруде «көпшелі күймелер» деп орынды аталып жүрген автоклубтар мен үгіт бригадалары қыруар жұмыстар атқарып келеді. Олар халық арасында мәдени-көпшілік шаралар ұйымдастырумен бірге үгіт-көпшілік жұмыстарын жүргізу жөнінде партия ұйымдарына да елеулі қолқабыс жасап отыр. Қазір Орал өңірінде 118 автоклуб және 120 мәдени-үгіт бригадасы жұмыс жасайды. Еңбекшілерге мәдени қызмет көрсетудің бұл жылжымалы құралдары әсіресе орталықтардан шалғай орналасқан малшылар мен шопандар арасында кең танымал. Кейінгі кезде облысымызда мәдени қызметтің осы жылжымалы, икемді құралдарын одан әрі жетілдіре түсу мақсатында үгіт бригадаларының облыстық, аудандық байқауларын өткізу дәстүрге айналып келеді. Бұл орайда әсіресе Тайпак, Чапаев,

Приурал және Камен аудандарының үгіт бригадалары мазмұнды жұмысымен көзге түсіп жүр. Ал Жаңақала аудандық Мәдениет үйі жанындағы үгіт бригадасы Шымкент қаласында өткен республикалық байқаудың дипломанты атанды.

Ауыл шаруашылығында науқандық жұмыстардың қызған кездерінде еңбек адамдарына жұмыс басында қызмет көрсету үшін аудандық мәдениет бөлімдері арнайы үгіт автопоездарын ұйымдастырып тұрады.

Жас ұрпақты совет халқының революциялық, жауынгерлік және еңбек даңқы дәстүрлерінде тәрбиелеуде музейлер айрықша роль атқарады. Орал өңірі — тарихи оқиғаларға бай, шежірелі өлке. Исатай мен Махамбет бастаған шаруалар көтерілісі осы Орал жерінде өріс алғанын жұрттың бәрі тарихтан жақсы біледі. Осында, Ішкі Бөкей Ордасында Қазақстан жерінде алғаш болып 1917 жылдың 2 декабрінде Совет өкіметі орнатылды. 1919 жылдың отты кезеңінде Орал қаласын ақгвардияшы атамандардың отрядтары мен ақ қазақтардың қанды шапқыншылығынан ерлікпен қорғаған Орал революционерлерінің қаһармандық күресін ұлы көсеміміз В. И. Лениннің өзі қадағалап отырды. Орал топырағында М. В. Фрунзе, С. М. Буденный, В. В. Куйбышев, В. И. Чапаев, Д. М. Фурманов сияқты даңқты адамдардың ізі қалды. Осындай аса бай тарихи материалдарды жинастырып, өлкеміздің күреске толы шежіресін жасауда Орал облыстық тарихи-өлкетану музейі кең көлемді жұмыстар жүргізіп келеді.

Ұлы Октябрь социалистік революциясының қарсаңында облыс орталығында тарихи-өлкетану музейінің әдеби филиалы салтанатты жағдайда ашылды. Жаңа филиалдың материалдары Ақ Жайық өңірінде әр кезде болған атақты қаламгерлер: А. Пушкин, Л. Толстой, В. Короленко, Т. Шевченко, В. Даль, К. Федин, А. Гайдар, М. Шолохов, С. Сейфуллин және басқаларының творчестволық жолы, олардың Орал жерімен байланыстары жайында баяндайды.

Мерекелі жылы жаңа қонысқа орналасқан Чапаев қаласындағы Василий Иванович Чапаевтың республикалық мемориалдық музейі мен Ордадағы тарихи-революциялық музей де тың экспонаттармен, жаңа материалдармен толықты.

Халықтың материалдық әл-ауқат дәрежесінің өсіп,

мәдениетінің артуы олардың қазір не нәрсені көбірек қажет етіп отырғанынан да айқын байқалады. Бүгін таңда көпшілік жұрт неғұрлым ұзақ пайдаланылатын товарларды, әсіресе мәдени-тұрмыстық қажетке жарайтын заттарды көбірек алуға ұмтылады. Кейінгі кезде саяси, ғылыми және көркем әдебиет кітаптарының село тұрғындары арасында көп тарап отырғаны олардың мәдени дәрежесінің өскендігіне тағы да көз жеткізе түскендей. Тек тоғызыншы бесжылдық жылдарында ғана облысымыздағы кітапханалардың жалпы кітап қоры бір миллион 200 мың данадай өсіп, қазір олардағы кітап қоры облыстың әрбір тұрғынына шаққанда шамамен 10 данадан келіп отыр. Соған қарамастан жұрт қазір кітапханадағы кітап қорын місе тұтпайды, олардың қай-қайсысы да өз үйінің төрінде жеке кітапханасы болуын қалайды. Мұның өзі облыста кітап саудасының үздіксіз дамуынан айқын көрініп отыр.

Еңбекшілердің арасында кітапты насихаттау жөнінде Камен аудандық партия комитеті мен бастауыш партия ұйымдары жүргізіп отырған жұмыстарды айрықша атап айту дұрыс болар еді. Өткен бесжылдықта ғана мұнда жаңадан бес кітап дүкені, 30 кітап киоскісі ашылды. Ауданда В. И. Лениннің 55 томдық шығармалар жинағының 50 комплектісі және үш томдық шығармалар жинағының 100 комплектісі, сол сияқты Л. И. Брежнев жолдастың сөйлеген сөздерінің екі томдығы, басқа да саяси әдебиеттер көп таратылды.

Өткен жылы астанадан арнайы шақырылған ақын-жазушылардың қатысуымен өткізілген аудандық кітап мерекесі де ауданның мәдени өмірінде есте қаларлық елеулі оқиға болды.

Мерекелі жылғы мәдени шаралардың жоспарына сәйкес өткен жылдың июль айында Орал қаласында облыс ақындарының айтысы өткізілді. «Туған өлкемді жырлаймын» деген ұранмен Ұлы Октябрьдің 60 жылдығына арналып өткізілген бұл айтысқа облыстың 11 ауданынан 25 талапкер ақын қатысып, өлкеміздің өткені мен бүгінін, Коммунистік партияның басшылығымен қол жеткен ерен табыстарымызды өлең тілімен өрнектеді, тұрмысымызда кездесіп қалып жүрген кейбір кемшіліктерді өткір сөзбен сынға алды. Облыс орталығының жұртшылығы әсіресе Қаратөбе ауданының өкілі Ш. Қыдырниязова, Орда ауданынан келген К. Балаба-

сов, қазталовкалық Н. Нағымов, Фурманов ауданының намысын қорғаған Д. Мүштанова және басқаларының өнерін жоғары бағалады.

Еңбекшілердің мәдени-тұрмыстық және ал-ауқат дәрежесінің артуы олардың білім алуға деген жаппай құштарлығынан да байқалып отыр. Бүгін таңда облыс халық шаруашылығының қай саласын алсақ та, оларда жұмыс жасайтын адамдардың арасында жоғары және арнаулы орта білімі бар мамандардың үлес салмағы елеулі екенін көреміз.

Қазір облыс орталығында екі арнаулы жоғары оқу орыны — республикамыздағы ең қарт оқу орындарының бірінен саналатын А. С. Пушкин атындағы Орал педагогикалық институты және Қазақстандағы ең жас оқу орындарының бірі Батыс Қазақстан ауыл шаруашылығы институты, 8 орта арнаулы оқу орыны және облыс бойынша маман жұмысшылар даярлайтын 21 кәсіптік-техникалық училище жұмыс жасайды. Оларды жыл сайын бітіріп шығатын жүздеген арнаулы білімді мамандардың үлкен тобы ауыл-село интеллигенттерінің қатарын толықтырып келеді.

КПСС XXV съезінің шешімдерін және КПСС Орталық Комитетінің, СССР Министрлер Советінің мектептердің жұмысын жетілдіруге бағытталған қаулы-қарарларын жүзеге асыра отырып, облысымыздың халық ағарту органдары мен мектептердің педагогтар коллективтері жастарға жаппай орта білім беру және оқу-тәрбие жұмыстарының тиімділігін одан әрі жетілдіру ортасында бірсыпыра жұмыстар атқарып келеді. Бүгін таңда облыста жалпы білім беретін 475 мектеп бар. Оларда қазір 126 мыңнан астам жас өспірімдер оқып, білім алады. Кешкі және сырттай оқыту мектептерінің жүйесі де барған сайын кең дамып келеді.

Мектептердің оқу-материалдық базасын нығайту жөнінде істеліп жатқан жұмыстар да аз емес. Соңғы екі жылдың өзінде ғана барлығы жеті мыңға жуық оқушы орынына есептелген 24 мектеп жаңадан салынып, пайдалануға берілді. Осымен бірге педагогикалық жоғары және орта арнаулы оқу орындарын бітіріп шыққан жас мамандардың есебінен мұғалімдер қатары да толығымен түсті. Өткен жылдың өзінде ғана облыс мектептерінің

де 555 жас мұғалім алғашқы педагогикалық еңбек жолын бастады. Қазіргі кезде мектептер мен балалар мекемелерінде он мыңнан астам мұғалім мен тәрбиеші жұмыс жасайды. Олардың бес жарым мыңнан астамының жоғары білімдері бар. Мұғалімдер мен тәрбиешілердің көпшілігі ұстаз деген абыройлы атаққа сай еңбек етіп, жас жеткіншектерге тәрбие беру жөніндегі міндеттерін мінсіз атқаруда.

Советтер елі жас ұрпаққа тәрбие берушілердің еңбегін әрдайым жоғары бағалайды. Мұның жарқын мысалын біздің облысымыздың өмірінен де көруге болады. Мысалы, Орал өңірінің 875 мұғалімі СССР ордендерімен және медальдарымен наградталған. Қырықтан астам педагогтың Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген мектеп мұғалімі деген құрметті атағы бар.

«Біздің елімізде мектеп мұғалімі — халыққа ең құрметті, ең қадірлі мамандықтардың бірі,— деген еді КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары Л. И. Брежнев жолдас мұғалімдердің Бүкілодақтық съезінде сөйлеген сөзінде.— Адам өзінің еңбегімен табиғатты өзгертеді деген сөз дұрыс айтылған. Ал мұғалім еңбегі сол адамның өзін қалыптастырғандықтан одан да бағалы әрі тамаша еңбек. Адам өмірінде кім болып шықса да — жұмысшы немесе ғалым, космонавт немесе колхоз механизаторы болып шықса да олардың әрқайсысы өзінің алғашқы мұғалімін, өзінің мектебін алғыс сезімімен еске алады».

Шындығында да, халық мұғалімдерінің жастарды коммунизм мұраттарына адал азамат, саналы еңбеккер етіп тәрбиелеудегі еңбегі баға жеткісіз. Соның өзінде мұғалім — ауыл-селолардағы интеллигенцияның басты өкілдерінің бірі, тұрмыстағы жаңалықты, жақсылықты халық арасына насихаттаушы, жаңа әдет-салт, озық мәдениет үшін күресуші. Міне, бұл тұрғыдан алғанда ауыл-село мұғалімдері жаңалық атаулыны жұрт ортасына жеткізе білуі, жеке басының өнегесі, өзгелерге ықпалы арқылы село мәдениетін көтеруде елеулі жұмыстар атқара алады. Біздің мұғалімдеріміз осылай істеп те отыр.

КПСС XXV съезінің шешімдерінде, партия мен үкіметтің одан кейін қабылдаған қаулы-қарарларында, сондай-ақ СССР-дің жаңа Конституциясында еңбекшілердің материалдық әл-ауқатын одан әрі арттыра берумен

бірге олардың тұрмыстық жағдайын жақсарту мәселесіне де баса назар аударылғаны белгілі. «Халыққа тұрмыстық қызмет көрсетуді жүзеге асырудың көлемі 1,5 есе, оның ішінде селолық жерлерде 1,7 есе ұлғайтылсын. Қызмет көрсету мәдениеті мен зақаздарды орындау сапасы жақсартылсын. Тұрмыстық қызмет кәсіпорындарының жүйесі кеңейтіліп, олар осы заманғы техникамен қамтамасыз етілсін¹»,— деп атап көрсетілді СССР халық шаруашылығын өркендетудің 1976—1980 жылдарға арналған Негізгі бағыттарында.

Қазір тұрмыстық қызмет көрсету орындарының қызметін пайдаланбайтын адамды кездестіру қиын: әркім-ақ шаштаразда болады, аяқ киімін тазалайды, тұрмыста қолданылатын әртүрлі техникалық бұйымдарын жөндеді. Демек, адамдардың тұрмысы жайлы қомқарлық жасаудың терең қоғамдық мәні де бар, өйткені мұның өзі олардың қоғамдық белсенділігіне, денсаулығына, мәдени жағынан өсуіне, моральдық бейнесіне, сайып келгенде, жеке басының дамуына тікелей ықпал жасайды. Осы орайда Л. И. Брежнев жолдастың мына бір сөздерін еске ала кеткеннің артықтығы болмайды: «Халыққа қызмет көрсету жүйесіндегі барлық салалардың, қоғамдық тамақтану, киім тігу, әртүрлі жөндеу жұмыстары, еңбекшілердің демалысын ұйымдастыру салаларының жұмысын мықтап жақсартуымыз керек. Бұл жай ғана жоспар орындау үшін жаратылған салалар емес, адамдармен, олардың алуан түрлі талғамдарымен, адамның көңіл күйімен тікелей істей болатын қызмет салалары».

Партия мен үкімет белгілеген шараларға сәйкес біздің облысымызда да соңғы жылдары халыққа тұрмыстық қызмет етуді жақсарту жөнінде бірқатар жұмыстар жүргізіліп келеді. Бұл мәселе аудандық партия комитеттерінің бюро мәжілістері мен бастауыш партия ұйымдарының жиналыстарында, халық депутаттары жергілікті Советтерінің сессиялары мен атқару комитеттерінің мәжілістерінде жиі-жиі қаралып, жергілікті органдар тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорындарының жұмысына басшылықты және бақылауды одан әрі жақсартып, шеберханалар мен қабылдау пункттерінің жүйесін кеңейтуге, олардағы қызмет сапасын арттыруға барлық мүмкіндіктерді жұмылдырып келеді.

¹ КПСС XXV съезінің материалдары, Алматы, 1976, 271-бет.

Партия және совет органдары жүргізген ұйымдас-тыру жұмыстарының нәтижесінде облыс тұрғындарына тұрмыстық қызмет көрсетудің көлемі артты, сонымен бірге бұл қызметтің сапалық көрсеткіштері жақсарды. Халыққа көрсетіліп отырған қызмет көлемі тек өткен бесжылдықтың бір өзінде ғана 1,8 есе артты. Шеберхана-лар мен қабылдау пункттерінің жүйесі кеңейді. Орал қаласында Тұрмыс үйі, трикотаж ательесі, «Айсұлу» атты әсемдік салоны мен «Жайдарман» тігін ательесі, сол сияқты Бөрлі, Қаратөбе және Фурманов ауданда-рында тұрмыстық қызмет көрсету комбинаттары салын-ды. Совхоздар мен колхоздардың орталықтарында жа-надан 52 шеберхана мен қабылдау пункттері ашылды. Қазір облыстық тұрмыстық қамту басқармасының жүйе-сінде шаруашылық есеп негізінде 22 кәсіпорын жұмыс жасайды. Олардың облыс территориясына біркелкі ор-наласқан 331 шеберханасы мен қабылдау пункттері бар. Бұл шеберханалар мен қабылдау пункттерінің 219-ы селолық жерлерде орналасқан.

Облыс халқын тұрмыстық қамту дәрежесі артты. Аудандық тұрмыстық қамту комбинаттарының облыс ор-талығындағы мамандандырылған өндірістік бірлестіктер-мен байланыс орнатуы маңызды роль атқаруда. Өткен бесжылдықта облыс тұрғындарына 5 миллион сомнан астам қаржы құраған тұрмыстық қызмет көрсетілуі бұл орайдағы істің біраз алға басқандығын байқатады. Қа-зір облыс тұрғындарына 483 түрлі қызмет көрсетіледі, бұлардың 18-і тек өткен жылы ғана игерілді.

Облыстық партия комитеті мен халық депутаттары облыстық Советі атқару комитетінің 1976 жылы «1976—1980 жылдарда тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорын-дарының жүйесін дамытудың жоспары туралы» және өткен жылы «ҚПСС XXV съезінің шешімдеріне сәйкес облыста халыққа тұрмыстық қызмет көрсетудің жайы және оны жақсартудың шаралары туралы» қаулылар қабылдауы бұл саладағы жұмыстың бір жүйеге келтірі-ліп, одан әрі қарқын алуына ықпал жасады. Осы қау-лыларға сәйкес көптеген тұрмыстық қызмет кәсіпорын-дары, шеберханалар мен ательелер, бригадалар мен же-ке қызметкерлер өз мүмкіндіктері мен резервтерін іс-керлікпен пайдалану негізінде Ұлы Октябрьдің 60 жыл-дығы құрметіне көтеріңкі социалистік міндеттемелер қабылдады.

Тұрмыстық қамту саласына партия ұйымдары, жергілікті Советтер, шаруашылық басшылары тарапынан жеткілікті көңіл бөлініп, қамқорлық жасалған жағдайда бұл салада елеулі табыстарға жетуге болатынын өмір көрсетіп отыр. Бөрлі ауданындағы Ақсай тұрмыстық қамту комбинаты жетпісінші жылдардың бас кезінде артта қалып жүрген кәсіпорындардың қатарында болатын. Өндірістік жоспарлар жыл сайын орындалмады. Өнім сапасы мен қызмет көрсету мәдениеті төмен екендігі жайында коллективтің атына орынды өкпе айтылып жүрді.

Кәсіпорынның партия, кәсіподақ ұйымдары мен әкімшілігі комбинат жұмысшыларымен ақылдаса отырып, бұл жағдайдан шығудың жолдарын іздестіріп, көптеген тиімді шараларды іске асырды. Бұл бағыттағы шаралардың ең бастылары цехтарды қайта құру, ескірген жабдықтарды ауыстыру, өндіріске прогресті технологияны енгізу және халықтың талап-тілектерін ескеріп отыру еді. Әсіресе, тігін цехына жоғары класты машиналар қойылып, еңбек өнімділігін арттыруға қажетті жағдайлар жасалды. Өндірістің көлемі ұлғайтылуына байланысты халыққа көрсетілетін қызмет түрлері көбейді.

Осындай творчестволық ізденістердің нәтижесінде Ақсай тұрмыстық қамту комбинатының коллективі тоғызыншы бесжылдық жоспарды мерзімінен екі ай бұрын орындап шықты. Аудан тұрғындарына бесжылдық жоспарда көзделгеннен тыс 37,8 мың сомның әртүрлі тұрмыстық қызметі көрсетілді. Жұмыс сапасы жақсарып қызмет көрсету мәдениеті артты. Сөйтіп, комбинат пен оның коллективі озат кәсіпорындардың қатарына шықты.

Комбинат коллективінің перспективалық жоспары бойынша үстіміздегі бесжылдықта тұрмыстық қызметтің көлемі 1,7 есе өсіп, ол 1,5 миллион сомға жеткізілмек. Жасапды былғары мен зәмшіден, мехтан бұйымдар шығарудың жаңа түрледі игеріледі. Жаңадан комплексті қабылдау пункттері ашылып, осы арқылы шаруашылықтармен, жергілікті Советтермен және тұтынушылармен байланыс нығая түспек, кооперациялық жолмен қызмет көрсету одан әрі дамытылмақ. Бұл жоспарлар қазірдің өзінде іскерлікпен жүзеге асырылуда.

Комбинат бес совхоздың, төрт колхоздың және Ақсай қаласының тұрғындарын қамтиды, былайша айт-

қанда осы территорияда тұратын қырық мыннан астам адамға қызмет көрсетеді. Комбинатта қазір киім тігетін және жөндейтін ателье, аяқ киім, мебель, шаштараз, суретке түсіру, автотранспорт және кооперациялық қамту цехтары, диірмен жұмыс жасайды. Сонымен бірге сегіз шаруашылықта филиалы бар. 1976 жылдың бір өзінде ғана коллектив өзі қамтитын территориядағы тұрғындарға жоспардан тыс жиырма мың сомның қызметін көрсетіп, 9,5 мың сом таза пайда келтірді.

Озат кәсіпорынның еңбеккерлері арасында коммунистік еңбек жолындағы қозғалыс та кең өріс алып келеді. Мұндағы үш бригадаға коммунистік еңбек коллективі және 44 өндіріс озатына коммунистік еңбектің екпіндісі деген құрметті атақ берілген.

Облыстық тұрмыс қажетін өтеу басқармасының Оралдағы трикотаж фабрикасы — ең жас кәсіпорындардың бірі. Бұл фабрика 1976 жылдың көктемінде ғана өз алдына отау көтерген болатын. Бұл көп уақыт емес, соған қарамастан жас кәсіпорын халықтың трикотаж бұйымдары жөніндегі қажетін өтеу жолында бірқатар игілікті істер тындырды. Ұлы Октябрьдің 60 жылдығы құрметіндегі жалпыхалықтық қозғалысқа қосыла отырып, фабрика коллективі мерекеге дейін ғана 10 мың сомның әртүрлі трикотаж бұйымдарын шығарды. Трикотаж бұйымдарын тоқу және жөндеу, бұл жөніндегі жеке заказдарды мінсіз орындау барысында жұртшылықтың биік талабы деңгейінен әрдайым көріне білу оңай шаруа емес. Еңбекшілердің талғамы неғұрлым жоғарылаған сайын, солғұрлым көп ізденіп, бұйымдардың сәні мен сапасын ұдайы жетілдіріп отыру қажет болады. Фабрика коллективі бұл биік талап деңгейінен көрініп келеді.

Социалистік жарыстың пәрменді ұйымдастырылуы жоспарлы еңбекке деген ынта-жігерін арттыруға, осынның негізінде жоспарлы тапсырмалардың ойдағыдай орындалуына септігін тигізіп отыр. Жылдың басында осындағы барлық өндірістік бригадалар мен жеке жұмысшылар өздеріне көтеріңкі социалистік міндеттемелер қабылдап, өзара социалистік жарыс шарттарын белгіледі. Жарыстың қорытындысы ай сайын, тоқсан сайын шығарылып, озып шыққандарға ауыспалы вымпелдер мен ақшалай сыйлықтар, жеке өндіріс озаттарына туристік жолдамалар беріледі. Озаттардың есімі кәсіпо-

рынның Құрмет тақтасына жазылады. Осының бәрі жұмыс сапасын жақсартып, трикотаж бұйымдарының жаңа түрлері мен үлгілерін шығаруды игеруге мүмкіндік беруде.

Приурал ауданындағы «Краснов» совхозының орталығына орналасқан тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорнының жұмысы жайлы да тұрғындар жылы-жылы лебіздер айтып жүр. Совхоз әкімшілігі, партия ұйымы, селолық Совет тұрмыстық қызмет көрсетушілерге жұртшылық көңілінен шыға жұмыс жасау үшін қажетті жағдайлар туғызған. Шеберханалар қажетті құрал-жабдықтармен жабдықталған жайлы орындарға орналас-тырылған, маман кадрлармен қамтамасыз етілген.

Фурманов ауданының орталығындағы, «Базартөбе», «Пермень», «Егіндікөл», «Бұлдырты», «Правда» газеті атындағы, Жданов атындағы совхоздар мен «Чапаев» асыл тұқымды мал заводындағы тұрмыстық қамту шеберханаларының қызметкерлері де өз жұмыстарын үлкен жауапкершілікпен атқарып келеді. Бұл және бұлардан басқа да көптеген тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорындарының коллективтері заказдардың уақытылы және сапалы орындалуын қамтамасыз етіп, келушілерді ықыласпен қабылдайды, оларға мәдениетті қызмет көрсетеді. Бұлар орналасқан территориядағы партия ұйымдары мен жергілікті Советтер тұрмыстық қызмет орындарының және олардың қызметкерлерінің мұқтаждарын қанағаттандырып, жұмыстың талапқа сай ұйымдастырылуына көңіл бөліп, көмектесіп отырады. Бұл мәселелерді жергілікті Советтердің сессияларында, партия бюросының, атқару комитеттерінің және тұрақты комиссиялардың мәжілістерінде жиі-жиі әңгімелен, тұрмыстық қызметті жақсартуға бағытталған нақты шаралар алып отырады.

Облысымызда тұрмыстық қызмет көрсету саласында 3400 адам жұмыс істейді. Қамту қызметкерлері арасында кең өріс алған социалистік жарыс өз ісіне шын берілген, жұмысшы абыройын жоғары ұстайтын шеберлер қатарын толықтыра түсуде. Қамту саласының 648 қызметкері өздерінің жеке бесжылдық жоспарларын мерзімінен бұрын орындап шықты. Өнегелі еңбегімен коллектив құрметіне бөленіп жүрген шеберлерді әрбір коллективтен кездестіруге болады. Олардың бәрі де өз мамандықтарын ардақтап, жұмысқа творчестволықпен

қарайды, өздерінің кәсіптік шеберліктерін ұдайы жетілдіріп отырады. Қажырлы еңбегі үшін көптеген қамту қызметкерлері СССР ордендерімен және медальдарымен, «Социалистік жарыстың жеңімпазы» белгісімен наградталып, есімдері Еңбек даңқы кітаптарына, Құрмет тақталарына жазылды.

Халыққа қызмет көрсету — халық шаруашылығының маңызды саласы, сондықтан да партиямыз оған айрықша көңіл бөліп, қамқорлық жасып отыр. КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары Л. И. Брежнев жолдас КПСС XXV съезінде жасаған Есепті баяндамасында тұрмыстық қамту саласының қызметкерлеріне арнап: «...совет адамдарының әл-ауқаты да, көңіл күйі де көбіне сіздерге, сіздердің еңбектеріңізге байланысты. Осыны естеріңізде сақтаңыздар. Жұмысты жақсы әрі инициативалы істеңіздер, озаттарға теңеліңіздер. Партия сіздерді осыған шақырады, сіздерден осыны күтеді», деген болатын. Демек, халыққа тұрмыстық жағдай жасау — маңызды партиялық іс. Сондықтан да облыстық партия комитеті тұрмыстық қызмет саласын бұдан былай да қамқорлыққа алып, бұл маңызды іске жергілікті Советтерді, шаруашылық органдарын, қоғамдық ұйымдарды, бүкіл жұртшылықты жұмылдыра бермек.

Жасыратыны жоқ, тұрмыстық қызмет саласында әлі де көп мәселелер толық шешімін тауып болған жоқ. Оның үстіне қала мен село еңбеккерлерінің тұрмыстық қамту қызметкерлеріне қоятын талабы да күн санап өсе түсуде. Осыған байланысты облыстық партия комитеті мен халық депутаттары облыстық Советінің атқару комитеті тұрмыстық қызмет кәсіпорындарының материалдық-техникалық базасын нығайту, қамту саласы үшін маман кадрларды жеткілікті даярлау, олардың арасында тәрбие жұмысын жаңа сатыға көтеру, шеберханалар қызметкерлерінің саяси, экономикалық және кәсіби оқуын ұйымдастыру, жинақталған озат тәжірибені баянды ете отырып, коллективтердегі еңбек сайысына нақты, творчестволық сипат беру сияқты өзекті мәселелерді ойластыру үстінде.

Ауыл-селолардағы тұрмыс мәдениетін жақсартуда медициналық қызмет көрсету мен дене тәрбиесінің ролі айрықша. Жергілікті партия, совет органдарының күн-

бе-күнгі камқорлығы нәтижесінде облысымызда медицина мекемелерінің кең дамыған жүйесі қалыптасты. Облыс орталығында кардиологиялық емдеу орталығы, балалар ауруханасы, Чапаев, Фурманов, Приурал, Жымпиты аудандарында көп профильді аурухана комплекстері салынды. Шағын учаскелік ауруханалар ірілендіріліп, оның есесіне фельдшерлік-акушерлік және дәрігерлік амбулатория пункттері көптеп ашыла бастады. Медицина мекемелері маман кадрлармен толықтырылды.

Партиямыз бен үкіметіміз дене тәрбиесі мен спортты дамытуға да зор мән беріп келеді. Бұл орайда ҚПСС XXV съезінің шешімдері дене тәрбиесі мен спортты одан әрі өркендетіп, партия және совет ұйымдарының, кәсіпорындар мен ведомстволардың, совхоздар мен колхоздардың басшыларының еңбекшілерге дене тәрбиесін беруге көбірек назар аударуы үшін қажетті алғы шарттар жасап отыр.

Дене тәрбиесі жұмысын жақсарту жөніндегі мәселелер тек кейінгі екі жылдың өзінде ғана облыстық партия комитетінің, сондай-ақ Бөрлі, Приурал және басқа да бірқатар аудандық партия комитеттерінің бюро мәжілістерінде талқыланды. Халық депутаттары Чапаев, Камен аудандық Советтері атқару комитеттерінің мәжілістерінде, көптеген кәсіпорындардың, совхоздар мен колхоздардың партия, кәсіподақ және комсомол жиналыстарында да дене тәрбиесі мен спортты дамыту мәселесі кеңінен әңгімеленген жағдайлары аз болған жоқ. Осының бәрі бұл саладағы істі біраз жолға қоюға септігін тигізгені сөзсіз.

Бүгін таңда облысымыздағы 547 физкультура коллективінің әртүрлі секцияларында 100 мыңнан астам адам спортпен тұрақты түрде айналысып жүр. Тек соңғы жылдың бір өзінде ғана бес мыңнан астам адам сауықтыру жұмыстарының әртүрлі формаларына тартылды. Мұның өзі жаңадан ГТО комплексінің енгізілуіне байланысты еңбекшілердің қалың бұқарасы дене тәрбиесі мен спортқа бұрынғыдан да кең тартыла түсті деген сөз. Біздіңше, мына бір цифрдың астарында да көп мағлұмат жатыр: тек соңғы екі жылда ғана облыста 89 мың адам ГТО комплексінің нормаларын тапсырды.

Дене тәрбиесі мен спорттың бұқаралық сипат алуына байланысты спортшыларымыздың шеберлігі де ар-

тып келеді. Физкультура коллективтерінде бұқаралық разрядтағы спортшылар даярлау жайы жақсара түсті. Тек өткен жылы ғана 30 мыңнан астам спортшы бұқаралық разряд алды, 269 спортшы бірінші разрядтың нормасын орындап, 47 спортшы СССР спорт шеберлігіне кандидат және 4 адам спорт шебері атанды.

Кейінгі кезде облыс спортшылары республикалық жарыстар мен біріншіліктерде көптеп бой көрсете бастағаны бізді қатты қуантады. Мысалы, өткен жылы ғана 15 ересек спортшы және 12 жасөспірім республикалық дәрежедегі жарыстардың чемпионы немесе жүлдегері атанды. 1976 жылы Республика чемпионы атағын жеңіп алған допты хоккей жөніндегі облыстың құрама командасы «А» класының бірінші тобындағы командалар арасында ойнайды. Сол сияқты байдарка мен каноэ ескекшілері Қазақ ССР-нің кубогын жеңіп алды, ал самбошыларымыз жүлделі екінші орынды иемденді. Облыстың ең үздік спортшылары республика құрама командаларына қабылданып, бүкілодақтық жарыстарда республикамыздың намысын ойдағыдай қорғап жүр.

Облысымыздың партия, совет, кәсіподақ және комсомол ұйымдары спорт ұйымдары мен физкультура коллективтерінің спорт базасын нығайту жөнінде айтарлықтай жұмыстар жүргізуде. Қазір облысымызда 157 типтік спорт залы, төрт стадион, 33 мылтық ату тирі, мыңнан астам әртүрлі спорт алаңдары бар.

Мемлекеттік күрделі қаржы есебінен жалпы білім беретін 32 мектептің, К. Е. Ворошилов атындағы машина жасау заводы Мәдениет сарайының, Орал темір жол бөлімшесінің жанынан және Приурал, Зеленов аудандарынан спорт залдары ашылды. «Уральскпромстрой» тресінің спорт залы, Камен ауданының орталығында спорт комплексі және «Динамо» шаңғы базасы пайдалануға берілді. Бірнеше синтетикалық спорт залдары орнатылды. Педагогикалық институт студенттерінің күшімен спорт-сауықтыру лагері және спорт қалашығы салынып, қатарға қосылды. Қазіргі кезде Батыс Қазақстан ауыл шаруашылығы институты мен құрылыс техникумының спорт залдары салынып жатыр.

Физкультура қызметкерлері кадрларының құрамында да айта қаларлықтай өзгерістер болды. Қазір облысымызда 880 штатты физкультура қызметкері, дене

тәрбиесінің оқытушылары, тренерлер, спорт жөніндегі нұсқаушылар, өндірістік гимнастиканың методистері сауықтыру, спорттық жаттығу және тәрбие жұмыстарын жүргізуде. Олардың 240-ның жоғары және 180-нің арнаулы орта білімі бар.

Спорт шеберлігінің артуы, дене тәрбиесі қозғалысының шын мәнінде бұқаралық сипат алуы физкультура коллективтерінің бастауыш буындарында жұмыстың қандай дәрежеде ұйымдастырылуына тікелей байланысты болады. Бұл орайда бізде дене тәрбиесі мен спорт жұмысын бүгінгі күннің талаптары дәрежесінде жүргізіп келе жатқан бастауыш физкультура ұйымдары аз емес. Мысалы, құрылыс-монтаж заводының, К. Е. Ворошилов атындағы машина жасау заводының, Зеленов ауданындағы «Путь коммунизму» колхозының, Жымпиты ауданындағы «Қызыл ту» колхозы мен «Правда» газеті атындағы совхоздың, Бөрлі ауданындағы «40 лет Октября» колхозының, Ақжайық ауданындағы «Аңқаты» асыл тұқымды мал заводының, көптеген жалпы білім беретін мектептердің, кәсіпорындар мен оқу орындарының өндірістік коллективтерінде дене тәрбиесі мен спортты дамытуға баса көңіл бөлінеді.

Теректі ауданындағы «Шаған» совхозында жүргізіліп отырған спорт-көпшілік жұмыстары өзгелерге өнеге бола алады. Совхоздың партия ұйымы мен дирекциясы бастауыш физкультура коллективінің спорт базасын нығайтуға ұдайы көңіл бөліп отырады. Қазір мұндағы Мәдениет үйі жанында спорт залының құрылысы аяқталып келеді. Міне, осындай көлемді ұйымдастыру жұмыстарының нәтижесінде совхоздың спортшылары аудандық және облыстық жарыстарда көзге түсіп жүр.

А. С. Пушкин атындағы педагогикалық институттың, № 78 қалалық кәсіптік-техникалық училищенің әкімшілігі мен партия ұйымдары да спорт бұқаралық жұмыстарға жете көңіл бөледі.

Камен, Чапаев, Бөрлі, Зеленов аудандарында кейінгі кезде батыр жерлестердің атындағы жүлделерді сарапқа салу дәстүрге айналып келеді.

Халықтың мәдени-тұрмыстық, әл-ауқат дәрежесін арттыру бағытында жүргізіліп жатқан жұмыстар, бұл саладағы жетістіктеріміз, біз жоғарыда келтірген аздықөпті мысалдардан көрініп отырғанындай, ауыз толтырып айтуға әбден тұрарлық. Алайда біз бұл салада әлі

де көптеген жұмыстар жүргізу қажет болатынын жақсы түсінеміз, сондықтан да облыстың партия, совет органдары алдағы атқарылар жұмыстардың көлемді программаларын белгілеген кезде мәдени-тұрмыстық мәселелерді ұдайы ескеріп, оған қамқорлық жасап отырады.

Өзінің алпыс бірінші белесіне аяқ басқан Ұлы Октябрьдің адамзат прогресіне қосқан ұлы үлесі кім-кімге де айқын мәлім. Сол Октябрь әкелген ұлы жетістіктеріміздің бірі совет адамдарының материалдық әл-ауқат дәрежесінің артуы екенін бүгінде бүкіл әлем мойындайды.

«Совет адамдарының өмір сүріп, жұмыс істейтін жағдайлары ұдайы жақсарып келеді,— деп атап көрсетті КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары, СССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі Л. И. Брежнев жолдас КПСС Орталық Комитетінің, СССР Жоғарғы Советі және РСФСР Жоғарғы Советінің Ұлы Октябрь социалистік революциясының 60 жылдығына арналған салтанатты мәжілісінде 1977 жылғы 2 ноябрьде жасаған баяндамасында.— Ертеңгі күн үшін қауіптенетін қорлықты сезім, жұмыссыз, медициналық көмексіз, баспанасыз қаламын-ау деп қорқушылық совет азаматына мүлде жат нәрсе. Қоғам оның праволары мен мүдделерін күзетеді, оның азаматтық, адамгершілік қасиеттерін қорғайды.

Адал еңбек, жоғары азаматтық сезім, идеялық-адамгершілік қасиеттер — біздің еліміздегі адамның орны мен абыройы міне осылар арқылы айқындалады. Творчестволық инициативаның, жеке адамның рухани өсуінің сарқылмас қайнар көзі — міне, осында. Әлеуметтік әділеттік пен әлеуметтік теңдіктің мейлінше нағымды көрініс — міне, осында»¹.

Социалистік дамудың алпыс жылы ішінде әлеуметтік даму мен халықтық мәдени-тұрмыстық жағдайын жақсарту саласында қол жеткен табыстарымыз СССР Жоғарғы Советінің кезектен тыс жетінші сессиясында қабылданған СССР-дің жаңа Конституциясында да айқын көрініс тапты. Онда мемлекет тапты айырмашылықтардың, қала мен деревня, ой еңбегі мен дене еңбегі арасындағы елеулі айырмашылықтардың жойылуына

¹ «Социалистік Қазақстан» газеті, 1977, 3 ноябрь.

көмектесіп отыратындығына Заң түрінде кепілдік берілді. «СССР-де ауыл шаруашылығы еңбегін индустриялық еңбектің бір түріне айналдыру; селолық жерлерде халыққа білім беру, мәдениет, денсаулық сақтау, сауда және қоғамдық тамақтандыру, тұрмыс қажетін өтеу және коммуналдық шаруашылық мекемелерінің жүйесін ұлғайту; селолар мен деревняларды көрікті поселкелерге айналдыру программасы дәйекті түрде жүзеге асырылады»¹, — деп жазылған СССР Конституциясының 22-статьясында.

Партиямыздың белгілеп берген сара бағытына сәйкес экономиканың дамуы совет адамдарының тұрмыс және еңбек жағдайын жақсартуға тікелей байланысты алуан түрлі міндеттерді шешуге барған сайын көбірек бағындырылып отыр. Бұл міндеттердің ойдағыдай шешілуі ауыл шаруашылығы экономикасының жағдайымен айқындалатыны белгілі. Қазір жаппай жұрт танып отырған бір ақиқат: ауыл шаруашылығын өрге бастыру үшін еліміздің тарихында бұрын ешуақытта да осыншалықты көп іс атқарылған емес. Сонымен бірге тұрғын үй мәселесінің шешілуі де ілгері басты. Бүкіл совет өкіметі тұсында салынған тұрғын үйдің жалпы көлемінің үштен бір бөлегі соңғы он жылдың үлесіне тиеді. Соңғы он жылдың ішінде біздің өнеркәсібіміз халық тұтынатын товарлар шығаруды іс жүзінде екі есе арттырды. Осы таяу уақытта ғана жұрт үшін зәру саналып келген ұзақ мерзімді пайдаланылатын товарлар қазір көптеп шығарыла бастады. Осы он жылдың ішінде ғана совет адамдарының жалақысы 1,6 есе өсті.

Л. И. Брежнев жолдастың әлденеше рет атап көрсеткеніндей, табыстарымызды лайықты бағалай отырып, шешілмеген проблемалардың әлі де жеткілікті екенін, алдымызда атқарылатын орасан мол қызмет өрісі тұрғанын біз жақсы түсінеміз. Айталық, осыдан бірнеше жыл ғана бұрын ауыл-селоларымызда шағын көрермендер залы мен бірер музыка аспабы болса, мәдени жұмысты өз дәрежесінде жүргізуге болады деп есептеуші едік. Ал қазір мұндай мәдени жұмыс үшін жақсы сахна, кең зал, көркемөнерпаздар үйірмелері жұмыс жасайтын бөлмелер, демалыс бөлмесі, толып

¹ Советтік Социалистік Республикалар Одағының Конституциясы (Негізгі Заңы) Алматы, 1977, 11-бет.

жатқан осы заманғы музыка аспаптары, солардың бәрін жүйеге келтіріп жұмыс жасай білетін мамандар қажет болады. Село еңбеккерлері үшін енді театр мен концерт салоның, кинотеатр мен лекторийді, халық университеті мен әртүрлі үйірмелерді біріктіретін Мәдениет үйі, мүмкін, тіпті, Мәдениет сарайы керек. Ал мұндай мәдениет ошақтарын біз барлық жерлерде бірдей салып бере алмай жатырмыз.

Ауыл-селоларда тұрғындардың кәсіптік құрамы жағынан да елеулі өзгерістер болды. Оларда бұрыннан бар агроном, зоотехник, мал дәрігері, экономист сияқты таныс мамандықтармен бірге оператор, электрик, слесарь деген сияқты «қалалық» мамандықтар да көптеп бой көрсетіп келеді. Осының өзі-ақ мәдени-тұрмыстық мәселелерді ойластырғанда осы кәсіби өзгерістерді де ескеріп отыруды талап етеді.

Қазір ауыл-селоларда құрылыстың қарқын алғанын біз жоғарыда нақты мысалдармен әңгімеледік. Бірақ бұл жерде мәселенің екінші жағын да ескеріп отырмаса болмайды. Әңгіме құрылыстың сапасына, архитектуралық шешіміне, олардың сыртқы бейнесі биік талғаммен безендірілуіне байланысты болып отыр. Қазір біз ауыл-селоларда ресторан, кафе, асхана, тұрмыстық қызмет көрсету комбинаты, кино-театр сияқты орындарды көптеп сала бастадық. Соның өзінде олардың ішкі және сыртқы бейнесі көз тартарлық әсем, безендірілуі осы заманғы талғамға сай жеңіл, ашық, әсерлі болуы барлық жерде бірдей ескеріліп жүр деп айта алмаймыз. Демек, бұл мәселе төңірегінде де ойласатын жайлар аз емес.

Еңбекшілердің мәдени, рухани талаптары мен тілектерін қанағаттандыру өз қызметінің негізгі мақсаты болып есептелетін мәдениет ошақтарындағы жұмыстың мазмұнды болуы ең алдымен сол жұмысты ұйымдастырушы кадрларға байланысты болатыны баршамызға аян. Өйткені мәдени-көпшілік жұмыстарға мұрындық болып, жұртты соңынан ерте білу оңай шаруа емес. Сондықтан да мұндай қызметкерлерді даярлау, олардың кәсіптік шеберліктерін үнемі жетілдіріп отыру, өз жұмысына шын беріліп, бір жерде тұрақтап істеуіне жету күнбе-күн қамқорлық жасауды қажет ететін үлкен мәселе болып табылады. Жасыратыны жоқ, село-лық жерлердегі кейбір мұндай кадрларымыздың тео-

риялық және жалпы мәдени даярлығы көңілдегідей емес. Кей жағдайда мұндай кадрларға қамқорлығымыз да жеткіліксіз болып жүр. Демек, бұл орайда да бірталай мәселені ойластыруға тура келеді.

Ауыл-село еңбеккерлерінің өмірі мен күнделікті тұрмысына жаңа дәстүрлер мен әдет-салттар берік еніп келеді. Бұл әдет-салттар білдің өміріміздің өзінен туындағандықтан коммунистік тұрмыс нормаларының қалыптасуына көмектесіп отырады. Қазір ауыл-селоларда комсомолдық үйлену тойлары жиі ұйымдастырылатын болды. Оларды өткізуге, бұл шаралардың белгілі бір тәрбиелік бағыт-бағдар алуына жергілікті партия, совет және комсомол ұйымдары белсене атсалысып жүр. Мұндай үйлену тойлары бір жағынан еңбегімен танылған жас өндірісшілерге лайықты құрмет көрсету болса, екінші жағынан олар ескіліктің сарқыншақ қалдықтарына қарсы күрестің және адамдар арасындағы қатынастардың тың моральдық нормаларын орнықтырудың тиімді құралы ретінде пайдаланылуда.

Сонымен бірге ауыл шаруашылығындағы науқандық жұмыстардың ойдағыдай аяқталуына байланысты сабан той, шопандар тойы жиі өткізіліп жүр. Мұндай мәдени-көпшілік шараларды ұйымдастырған кезде жергілікті партия, совет органдары мен қоғамдық ұйымдар осы науқандық жұмыстар кезінде ерекше көзге түскен өндіріс озаттарына құрмет көрсетуді, сол арқылы адамдардың қоғамдық еңбекке деген ықыласын арттыруды мақсат етеді.

Қоғамдық-саяси, революциялық және еңбек мерекелеріне қоса жас нәрестелерді салтанатты жағдайда тіркеу, жас өспірімдердің кәмелетке толуы, жұмысшы санатына қабылдануы, жас жігіттерді әскер қатарына салтанатпен шығарып салу жаңа заманның әдет-салттары кең қанат жайып келеді. Ендігі міндет осы жана мәдени-тұрмыстық дәстүрлерді кең насихаттап, өмірге берік орнықтыруда болып отыр.

Бұл орайда бұқаралық информация құралдарына жүктелетін міндеттердің жүгі ауыр. Біздің облыстық, аудандық және көп тиражды газеттеріміз, облыстық телевизия мен радио жалт еткен жаңалықтарды жұрт игілігіне айналдыру, еңбекшілердің мәдени-тұрмыстық және әл-ауқат дәрежесін арттырудағы жетістіктерімізді кең қамтып көрсетіп, орын алып отырған олқылықтар-

ды батыл сынау, әсіресе ауылдық жерлерде жаңа әдет-салттар мен озық дәстүрлердің орнығуына атсалысу, сөйтіп осы кең көлемді әлеуметтік мәселені шешуде партия ұйымдарына пәрменді көмек көрсету жөніндегі өздеріне жүктелген міндеттерді ойдағыдай атқарып келеді. Соған қарамастан біз әлеуметтік мәселелерді жүзеге асыруда бұқаралық информация құралдарының ролін арттыру үшін әлі де көптеген жұмыс істеуге тиіспіз.

Жаңа тұрмыстың қалыптасуы—аса күрделі процесс. Оның барысында толып жатқан ірілі-ұсақты мәселелерді ескеріп отыруға тура келеді. Жанаша тұрмыс нормаларының өмірге орнығуы барысында дінге сену, зиянды әдеттер сияқты ескіліктің қалдықтары да сақталып қалатыны бар. Сондықтан діни нанымға қарсы, ауыл-село тұрғындарын жаңа мәдени-тұрмыстық әдет-салттар рухында тәрбиелеу жолындағы күресті белгілі бір жүйеге келтіріп жүргізбесе болмайды. Бұл әсіресе село тұрғындарына атеистік тәрбие беру мәселесіне көбірек қатысты.

Социалистік құрылыс жылдарында еңбекшілердің басым көпшілігі, соның ішінде ауыл-село тұрғындары да діннен біржола қол үзіп, діни соқыр сенімдерге бой алдырмайтын болды. Бұған бір жағынан халықтың тұрмысы мен мәдени өміріндегі өзгерістер әсер еткен болса, екінші жағынан белгілі бір мақсатқа бағытталған атеистік насихат жұмысы елеулі ықпал жасады. Ендігі міндет осы орайда жинақталған тәжірибені пайдаланып, атеистік насихаттың тиімділігін одан әрі арттыра беруде болып отыр.

Әлеуметтік мәселелерді ойдағыдай шешуде еңбек коллективтерінің дұрыс ойластырылып жасалған әлеуметтік-экономикалық даму жоспарлары үлкен роль атқарады. Мұндай жоспарлар қазір біздің көптеген еңбек коллективтерімізде — кәсіпорындарда, совхоздар мен колхоздарда, басқа да өндірістік ұйымдарда жасалып, жүзеге асырылуда. Оларда ғылыми-техникалық прогресс мәселелері, еңбектің озық әдістерін өндіріске енгізу және өндіріс мәдениетін одан әрі арттыру, осылардың негізінде еңбекшілердің мәдени-тұрмыстық жағдайларын жақсарту көзделген.

Біздің алдымызда осы мәселеге байланысты, әсіресе селолық жерлерде әлеуметтік жоспарлауды одан әрі

жетілдіре түсу міндеті тұр. Болашақта әрбір кәсіпорынның, әрбір совхоз бен колхоздың, әрбір өндірістік ұйымның, коллективтің әлеуметтік даму жоспары бойынша жұмыс жасауына жетуіміз керек. Бұл орайда, сірә, тұтас селолық аудандардың әлеуметтік даму жоспарларын жасап, жүзеге асырған дұрыс болады. Мұның өзі ауыл-селолардың тұрмысын қайта құруды жаңа сатыға көтерер еді.

Жоғарыда аталған азды-көпті қиындықтарға қарамастан еңбек адамдарының мәдени-тұрмыстық және әл-ауқат дәрежесін арттыруда қол жеткен табыстарымыз ұшап-теңіз деп батыл айта аламыз. Соның нәтижесінде қалаларды былай қойғанда, ауыл-село еңбеккерлерінің жұмысы мазмұнды әрі қызықты бола түсті, олар да демалыс күндерін, тиісті еңбек демалысын уақытында пайдаланып тұратын болды. Мұның өзі еңбек адамдарының психологиясы мен сана-сезімінде маңызды өзгерістерді туғызды. Олардың моральдық бейнесінде коллектившілдік, еңбек сүйгіштік, социалистік патриотизм, интернационализм сияқты қасиеттер бұрынғыдан да орныға түсті.

Халықтың мәдени-тұрмыстық және әл-ауқат дәрежесін одан әрі арттыру мәселесі облыс партия ұйымдарының басты назарында болып келді және бұдан былай да бола бермек. Өйткені халықтың тұрмыс жағдайын жақсарту коммунистік құрылыстың аса маңызды міндеттерінің бірі болып табылады. Қазір, еліміз өзінің алпыс бірінші асуына аяқ басқанда партия мен халықтың жасампаздық жарқын істерінің жаңа көкжиектері ашылуда. Совет адамдарының мәдени-тұрмыстық дәрежесін, олардың әлеуметтік белсенділігін арттыру елімізде коммунизм орнатудың ортақ ісіне қосылатын маңызды үлес болмақ.

ТОТАНОВ С. Т.

ПОВЫШЕНИЕ БЛАГОСОСТОЯНИЯ ТРУДЯЩИХСЯ —
ВАЖНАЯ СОЦИАЛЬНАЯ ЗАДАЧА

Ответственный за выпуск референт Правления общества «Знание» Казах-
ской ССР А. К. Сейтказина,

Редактор Ж. Нурмаханов. Техн. редактор М. В. Злобин,
Корректор Ж. Кенебаев.

Сдано в набор 3.03.78. Подписано к печати 4.07.78

Формат 84×108¹/₃₂—1,25—1,375=2,31 усл. п. л. (2,1 уч.-изд. л.)

УГ18286. Тираж 5000 экз. Цена 7 коп.

Общество «Знание» Казахской ССР, г. Алма-Ата, ул. Чуйковского, 170.

Заказ № 2398. Типография оперативной и билетно-бланочной продукции
производственного объединения полиграфических предприятий «КІТАП»
Государственного комитета Совета Министров КазССР по делам издательств,
полиграфии и книжной торговли, г. Алма-Ата, ул. К. Маркса, 15/1.

8 T.